

АУЫЛ -
СОҒЫС



АУЫЛ – СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА

Қобылан Хамзаұлы

**АУЫЛ -
СОҒЫС
ЖЫЛДАРЫНДА**

Петропавл қ.
2009 ж.

УДК 821. 512. 122

ББК 84 Қаз-4

X 18

X 18 Хамзин Қ. **Ауыл -соғыс жылдарында.** Петропавл.
2009 - 108 б.

ISBN 978-601-7029-28-9

1941-1945 жылдары болған сұрапыл соғыс біткеніне 64 жыл өтсе де, әлем халқы бұл қырғын соғыстың қасіретін ұмытқан жоқ.

Соғыстың жаппай қыру-жою қанжосалары, кирату-күйрету қастандыктары туралы жазылған еңбектер аз емес.

Десек те, кенже қалған, жете зерттеліп, жеткілікті айтылмаған тақырып, соғыс жылдарындағы арттағы елдің (тылдың) “адам басына бермесін” дегендей хал-жағдайы.

Бұл әлде болса көңіл қойып, оралатын істің бірі.

Қолымыздағы “Ауыл соғыс жылдарында” атты кітапта, жерлес қаламгеріміз Қобылан кажы Хамзаұлының сол кездегі ауыл өмірін өзі бірге жүріп көрген, тағдырын бөліскен тұрмыс-тіршілік әңгімелері, қазіргі ұрпаққа өте қажетті дүниелік.

Қобылан Хамзаұлының жазған бірнеше кітаптарын оқып, риза болып жүрміз. Бұл еңбегі де өте қажетті тақырыпқа арналған екен, оқырман қауым ризашылықпен қабылдайтынына сенеміз.

УДК 821. 512. 122

ББК 84 Қаз-4

X 4702250201
00 (05)-01

ISBN 978-601-7029-28-9

Хамзин Қ., 2009



АЛҒЫ СӨЗ

1941-1945 жылдарда өткен дүниежүзілік соғыс, адамзат тарихында мәңгі есте сақталатын, ең үлкен көлемді, қисапсыз қасірет әкелген, қырғын соғыс болғаны белгілі.

Осы соғысқа Қазақ Республикасынан 1 миллион 200 мыңдай азаматтар катынасса, солардың жартысынан астамы соғыстың алдыңғы шебінде жау оғынан қазаға ұшырады.

Тек, Шал ақын ауданына қарайтын «Көктерек» атты шағын ауылдан жүзден астам азаматтар соғысқа алынып, солардың алпыс жетісі соғыста, майдан шебінде оққа ұшты, тәндері сол жақта қалды. Соғыс аяқталғаннан кейін елге оралғандары ауыр жарақаттан аяқ-қолдарынан айырылып, көзсіз соқыр, құлақтары керең болып келгендері қаншама. Тек елге оралып, туған жердің топырағына аяқтары жеткенге Аллаға мың шүкіршілік арнайтын. Кемдіктің қасіретін бастарынан кешіп, бұл сорлылар да өмірден өтті. Бүгінгі күні елде, олардан жер басып, аман жүргендерінен ешкім қалмады.

Отанды жаудан қорғау соғысы алыста, Еуропа жерінде, одақтық мемлекетіміздің батысында жүріп жатса да, дүмпуі күнде елге жетіп, қасіреті алыстамады. Ел мен соғыс бір тұтас, жұмылған жұдырықтай, жауды ұрып жығуға қарсы тұрған қару болып бекіген, біте қайнаған, бірінсіз-бірінің күні болмаған, тұтас шымыр күш еді.

Соның нәтижесінде, 1945 жылы қол жеткен Ұлы жеңіс, алдыңғы шепте ерен ерлік атқарған жауынгерлердің, білімді, ұтымды айқастар ұйымдастырған әскери қолбасшылардың, соғысқа қатынасқан бүкіл қарулы күштерді барлық керек-жарақтарымен қамтамасыз етіп отырған тыл еңбеккерлерінің

жан аямас, қажырлы еңбектерінің, бір тұтас, бөле жаруға келмейтін жетістігі деп түсінген дұрыс.

Өкінішке орай, кейбір соғыс ардагерлері, жеңіске жетудің себептерін сипаттап сөйлегенде, тек алдыңғы шепте болып, соғысқа тура қатынасқан жауынгерлердің ерлік істерінің арқасында жеткен жеңіс болып айтылатынын естиміз. Жеңіске жетудің басқа себептері, әсіресе тылда атқарылған ерен еңбектер, тиісті бағасын ала алмай қалады. Тылдың атқарған орасан зор еңбегін құрметтеу сол заманда да болмап еді, әлі күнге тиісті заңды бағасын ала алмай келеді.

Әскерді, соғысты қарумен қамтамасыз ету, зауыттарды ұшақтарды, танктерді жасау, жеткілікті оқ-дәрімен жабдықтау, машиналарды жанармаймен қамтамасыз ету, жеткілікті тамақ, киімдер жеткізіп беру, жаралыларды емдеп қайтадан қатарға қосуға дәрі-дәрмектен кемдік көрсетпеу, бәрі, кейінгі елдің – тылдың жанкешті еңбегінің нәтижесі екені ешуақытта ұмытылмауы керек-ақ. Тылдың ерен еңбегінің соғыстың жеңіп шығуын көзге елестетудің өзі қате ұғым. Бір айлық, тіпті бір жылдық емес, бес жылға созылған үлкен көлемді соғыс, тылдың орасан зор еңбегінсіз жетістікке жетуі мүмкін емес еді.

Соғысқа қатынасқан жауынгерлердің жапқиярлық ерліктері қалай мақтасаң да сиятын батырлық екенінде сөз жоқ. Тура соғысқа қатынасқан, жапқиярлық ерлік көрсеткен, отанды жаудан қорғау міндетін атқару жолында жанын берген батырларды (геройларды) білеміз. Олардың атырамы кітаптарда, тарихи деректерде, суреттерде, музейлерде бопанын мақтаныш тұтамыз. Олардың ішінде екі, үш мәрте ба

Тыл – деген сөз аудармасыз айтылғанын қалап, сол қалпында жазылған

тарлар бар. Өткен соғыста 500-ге жуық қазақстандық майдангерлер – герой атағын алғаны белгілі. Бұл қалай мақтансықталуырағын ерлік.

Осы орайда көңілден кетпейтін ой – сол соғыс жылдарында ерлік істер болмады ма, неге сол істер тиісті атақпен алмады. Тылдың еңбек ерлерінің аты неге аталмады, неге олардың аттары соңғы ұрпаққа белгісіз қалды, деген сауандар әлі күнге жауапсыз. Соғыс аяқталғанына 64 жылдан астам уақыт өткенде, енді ол олқылықтардың орнын толтыру мүмкін болмай қалды.

Тылда болған орасан ауыр жағдайларды, ерлік істерді, жан кені батырлықтарды, еңбекке жанын салып, жан беріп, аяқталған істерді, қиямет-қайым ауыртпашылықтарды жеңген ерлерді көзімізбен көріп, қасында бірге болған біздер білеміз. Олар, тепсе темір үзетін, бұғаусыз асаулардың мойынан қолмен бұрап жығатын ерлер емес, сақал-шашына қолмен кірген аталар, балаларын соғысқа жіберіп, немерелерін аяқталған қызын қалған аналар, жаңа ғана тұрмыс құрып, жан қолдарынан айырылып жесір қалған жас арулар, бұғанасын қалған бойы оң сүйем өсіп үлгермеген, мектеп қабырғасында жүрген балалар, жасөспірім қыздар еді.

Солардың кейбіреулерінің аттарын атау, ол кісілердің ерен еңбектерін көрген біздер үшін парыз.

Қандай ағалы Әбзақымет атамыз сыпайы мінезді, сары мұрты, жұқа сақалды, еңкектеу жүретін бойшаң кісі еді. Қандай қара сөзінің шебері. Қандай жұмыс істемеді, малшы да болды, егін орды, шөп шапты, жылқы малының білгір еді, еңе даласының бригадирі де болып, өлгенше ұжымшарға еңбек етін өткен кісі.

Ахмет Омарұлы сақал-мұрты, мінезі, іскерлігі, сөзге баяу сыпайылығы, атқарған жұмыстарына тыңғылықтығы, бәрі жоғарыда аталған, тура Әбекеңе ұқсас еді.

Мансұр Жетпісұлы, Кенжеболат (Сары деп аталатын) Алтыбайұлы, Шаяхмет Шәймерденұлы, Ғаббас Құсайынұлы, Омар Балтабайұлы, бәрі де Ислам дінін берік ұстанған тақуа, баяу мінезді, сыпайы жандар, бәрі көз жұмғанша қолдарынан айыр, күректері түспеген еңбеккерлер.

Ағалы-інілі Омар, Қоспан Нүрпейісұлдары; Бопан, Нөкен, Оспан балалары; Жақия, Мұқыш Дәулетұлдары; Құсайын Қарсақбайұлы; Қоспан Балғожаұлы, Мұқыш Нарғожаұлы; Көшмағамбет, Өмірсейіт Құдайбергенұлдары; Қажымұрат Өтетілеуұлы, Елияс Сағындықұлы, Жанғазы, Бегжан Жаңаберген балалары; Жанахмет, Баяхмет Италмас балалары; Дүйсенбек, Сейсенбек Жарқынбай балалары; Ақмадия, Кәкімжан Нұрманбет балалары; Әйіп Рыспайұлы, Жұмағали Оразалин, Нұрмұқан (Дорба деп аталған) Қанғожаұлы, тағы солар сияқты көптеген аталар, олардан да жастары үлкен шалдар, ұжымшар жұмысының ең ауырын атқарған ардагерлер еді-ау. Зейнеткерліктің не екенін білмей, өле-өлгенше жұмыстан қол үзбеген, нағыз аяулы аталар.

«Басқа түскен, баспақшы»- дегендей азаматтардың бәрі соғыста жүргенде, кімге сеніп, жылы киініп, қол қусырып үйлерінде отыра алады. Үй иелері соғысқа алынған шаңырақтарда қалған жесір әйел, жетім балалардың бастан кешкен күні, қиындықтары, бәрі бірдей еді-ау.

Иесіз қалған айыр, күректерін, балта, балғаларын енді осы жесір әйел, жетім балалар ұстауға, солардың орындарында жұмыс атқаруға мәжбүр болды. Сенері жоқ, қолы қарулы қолдаушысы жоқ әйелдер, жасына қарамай қара жұмысты

атқаруға етек-жеңін түріп, белін мықтап байлап кірісуге мойын ұсынды. Басқа амал жоқ еді. Ұжымшар жұмысында, үй шаруашылығын атқару да, әйелдердің мойынына түсті. Сол апа-жеңгелеріміз бәрі дерлік қазір арамызда жоқ, бақи дүниеге өтіп кетті. Фәни дүниенің ешқандай жақсылығын көре алмай, аз ғана ғұмырлары бейнетпен, жылаумен, зарығумен өтті. Міне сол апаларымыздың, жеңгелеріміздің бейнесі әлі күнге көз алдымызда тұрады, ұмытылмайды.

Қамия – Отызбай нағашымның әйелі, Тұрсын – атақты ел азаматы Едірестің әйелі, Бәтжан – соғыста қайтыс болған Оразбайдың әйелі, Балсары – соғыста қайтыс болған Жүкен ағамыздың әйелі, Балғыз – соғыста қайтқан Досмұқанов Қабдөстің әйелі тағы солар сияқты айта берсең жалғаса беретін апалар мен жеңгелер таңның атысынан, күннің батысына дейін ұжымшардың жұмысында, үйге келсе, үй жұмысын атқарған қандай абзал, алтын адамдар. Киер киімдері де жетіспейтін, жамап-жасқап, түзетіп киіп, кейде тоя ас жемей, мейірі қана жақсы шәй де іше алмай, мезгілімен жатып дем алып ұйқылары қанбай, бес жылдық соғыс бойы, ауыл шаруашылығының бейнетін көрген кісілер, бұлар.

Соғыс жылдары өскен балалардың көрген күнін, бейнетін соңғы ұрпақ көрмесін. Үй тұрмысының ауыртпалығынан кейбір балалар оқудан да қалып қоятын. Оқудағы балалардың өзі 8-9 жастан бастап, үй шаруашылығын былай қойғанда, орталық жұмыстарына толық қатынасатын. Оқу жылы қыркүйек айынан басталмай, қараша айынан басталатын. Ол кездегі балалар, бала болып ойнай алмады. Үй шаруашылығы балалардың мойнында болды. Ауылда балалар ойнайтын ешқандай ойын құралдары да болмады. Радио

деген мүлде жоқ, газет-журналдарды жаздырып алуға ақша бола қоймайды.

«Колхоз» - ұжымшар, еңбекақыға ақша төлемейтін, атқарған жұмыс үшін «еңбек күн» (трудодень) деген бірдеме жазылатын. Жеке шаруаның қолына ақша тек сатқан өз малынан ғана келетін. Басқа келер жері жоқ. Ол кезде зейнет ақының не екенін ешкім білмейтін.

Соғыс жылдарындағы тұрмыс-тіршіліктің барлық қажеттерін бастан кешкен ел адамдары қалай күн көрген, қалай тіршілік жасаған, деген ойға еріксіз таң қаласың. Бұл неткен шыдамдылық, төзімділік. «Көрешекті көрмей, көрге кірмейсің»- деген сөз осындай тіршіліктен туындаған шығар.

Соғыс жылдарындағы ауылдардың, қала халқының да басынан кешкен өмірі, қал-жағдайлары, сондай қиындықта жүріп атқарған ерен еңбектері ойдан шықпайды.

Тыл еңбеккерлерінің ерлігін талдап көрсетіп, ақиқатын айтқан жазба дүниеліктер, тіпті, жоқтың қасы. Тылдағы тіршілік, соғыстағыдай күнде өлім болмаса да, қасіреттің ауыр жүгінен, тынымсыз бітпейтін ауыртпалығынан, тозған сабындай жұқара-жұқара баяулап сөну болды. Кезінде бағаланбаған, әлі күнге бағасын ала алмай жүрген тыл еңбеккерлерінің бастан кешкен ауыр тіршілігі туралы шама жеткенше айтылса дұрыс болар еді деген ой мазаны алушы еді. Соғыс жылдарындағы атқарылған еңбекті, еңбек ерлерін еске алу арқылы, қазіргі жастарға, ол қандай тіршілік еді деген ойды жеткізе алсам еңбегімнің еш болмағаны. Бұл, соңғы ұрпақ міндетті түрде білуі керек, өткен соғыс тарихының бір парағы ғой.

I. ҰЖЫМШАР АУЫЛ – «ЖӨКТЕРЕК»

«Ұлы Отан қорғау соғысы» - атымен белгілі болып, халықтың санасына сіңген, ол нендей соғыс, қандай көлемді соғыс болғанын ел тарихынан, жазба әдеби кітаптардан оқып біліп, көпті көрген көнекөз қариялардан, соғысқа тікелей қатынасып елге аман оралған соғыс ардагерлерінен, сол жылдары тылда еңбек еткен ата-аналардың айтуынан естіп өскен ұрпаққа белгілі.

1941 жылғы маусым айынан, 1945 жылғы мамыр айына дейін болған соғыстың ауылға тиген зардабын өзіміз, жас бала кезімізден бастан кешірдік, ауыр қасіреттерін көріп өстік.

Туған ағам Сәгібек 1940 жылдың қаңтар айында міндетті әскерлік борышын атқаруға шақырылған еді. Ол кезде әскерлік борышты атқару мерзімі екі жыл болатын. Әскерге шақырылғандардан бір жыл бұрын автомашина жүргізуші мамандығын оқып игеріп, сол жылдарда жаңа шығып ұжым-шарларға (колхоздарға) жете бастаған бір жарым тонналық жүк тартатын АМО-Ф-15 маркалы машинада жүргізуші болып істеген. Ол кезде ондай мамандықтың иесі ұшақтың ұшқышынан дәрежесі кем болмайтын. Әскер қатарында сол мамандығы бойынша қызмет атқарды. Одан, сол жерде оқып, танк жүргізуші мамандығын игерді Соғыс басталардың алдында келген хаттарынан танк жүргізуші – механик болғанын білдік.

Әскер борышын атқаруға кетерінің алдында, он тоғыз жасына толғанша, ертерек қайтыс болып кеткен әкеміздің орнында, әкемді жоқтатпай, қамқоршым, қорғанышым,

тәрбиешім болып, ақ жүрегімен құлай сүйген бауырым, асқар тауым болды. Әскерге кетерінде жеті жасқа әлі толмаған мені, ауылдағы бастауыш мектепке қолымнан жетектеп, мойнына отырғызып апарып кіргізіп, бірінші сыныптың оқушыларының тізіміне тіркетіп, қуанғаны көз алдымда. Сондағы айтқаны: «Ертең мен әскерде жүргенде, маған хат жазып тұрасың» - деген сөзі, өмірлік есімде сақталып қалған соңғы тапсырысы, ақылы болды.

Ауылымыздың аты «Көктерек», саны сексен шамалы ағаш үйлерден тұратын орта көлемді, төрт көшелі, көрнекті қоныс. Бес жүздей халқы бар, сол «Көктерек» атымен ұйымдасқан ұжымшар (колхоз) болып құрылған. Ата-бабаларымыздың даналық таңдауымен орналасқан қоныс, Есіл өзенінің оңтүстік беткейінде, биік қыратты жерде тұр. Ауылдың оңтүстік –батыс іргесі тұтас бітік өскен көп жылдық ағаштармен көмкерілген, қайың, терек, неше түрлі талдары бар қалың орман, жазы-қысы ауылды өкпек желден, борандардан қорғап тұратын, бабаларымыздың кең шапанының жайылған екі өңіріндей ық. Ауыл орналасқан қыраттың солтүстік-батыс ылдиында біріне бірі жалғасқан, қысы-жазы суы тартылмайтын қара сулар тізбегі, оның ар жағында көк Есілге дейін, бүкіл су жағалаулары қалың тал, үйеңкі, терек, қара қарақат, мойылбас ағаштарымен бітік өрбіген тоғайлар.

Ауылдың «Көктерек» аталуына себеп болған Есіл өзені мен ауылдың екі арасында шөбі қалың, шалғын жерде «Мың шұқыр» аталатын дөңгелек судың орталық құрлығында өсіп, аспанмен тіресіп тұрған биік үлкен көлемді қария бәйтерек ағаш бар. Бұл ағаш неше ғасырдың куәсі екенін бір Аллах біледі.

Алыстан көз тартып тұратын тамаша зәулім терек. Ауыл сол теректің атымен «Көктерек» аталған.

Сайып келгенде айтатын ойым, ауылдың тұрған жерінің табиғатының көркемдігін қалай мақтасаң да әсем сөзден тартынбай жеткізуге тұратын шырайлы жердің пұшпағы.

Өлкенің әсем төрі «Көктерегім».

Суы бал, шөбі шүйгін, қыры егін.

Жаннаттың сыйға берген бөлігіндей,

Көркіңе көз сүрінген нуы жердің – деген теңеулерімде ешқандай әсірелік жоқ.

1941 жылғы соғысқа дейін бекіп орнаған осы ауылдың көркін, сәнін келтіріп тұратын бастауыш мектеп үйі болды. Үлкен алты болмелі, кең коридорлары бар, еңсесі биік, төбесі қаңылтырмен жабылып сырланған, қарағай бөренелерден тұрғызылған әсем ғимарат еді. Оған жақын орналасқан, жергілікті ағаштан таңдалып, сұрыптап, шебер қиып салынған, үлкен мәдениет үйі (клуб) болды. Бертін келе соғыс жылдарынан бұрынырақ ауылдың тап ортасында тағы да бір жаңа клуб үйі жасалды. Ол ана үйден де сәнді іші өте жарық, еңсесі биік жасалған, сахна орыны көз тартқан әсем төріндей көрінетін.

Ауылдың ортасында ұжымшардың басқармасының кеңсе үйі, оған жақын күнде шулы, күлкілі, түрлі тауарлар, азық-түліктер сататын ағаштан салынған көлемді дүкен үйі болды. Аталған құрылыстар ауылға көрік беріп, сәнін толықтырып тұратын. Осындай құрылыстарды көз тартатын сәнімен салушы шеберлер осы ауылдың қарапайым жұмыскерлері, балташылары. Балтаның жүзімен ағашқа мәнер, оюлар салатын талай шеберлер елде болды. Омар Нүрпейісұлы,

Құсайын Қарсақбайұлы, Омар Балтабаев, Өмірсейіт Құдайбергенов, Өтетілеуов Қажымұрат, Есенбаев Мырзахмет, Нұрмұқан (Дорба) Қанғожин, Мұқыш Дәулетов атты аталарымыз осы ғимараттарды өз қолдарымен тұрғызғанын білеміз. Есік-терезелері, ішкі әшекейлері, сыртқы сәулеттері, темірден оюлап жасалған сәнділік қондырғылар, бекіністері, есіктерін ашып-жабатын әдемі темір тұтқалары, бәрі ешқайдан әкелінген жоқ, елде, іс-үйлерде, темір соғатын ұста үйлерінде жасалды. Сонда, сол іс-үйлерінде қазіргі замандағыдай станоктар атымен жоқ. Алтын қолды аталардың он саусақтары өріп, өңдеп, ойып шығарған шеберліктің бағалы туындылары еді деп айта аламыз. Сонда қолданатын саймандары қылпып тұратын өткір балта, неше түрлі қашаулар, қырғыштар, қол аралар, өлшемі қолдан жасалған ағаш метрліктер болатын.

Ол кез ел тұрмысының жаңа-жаңа түзеліп келе жатқан кезі еді.

Кейінге көз жіберсек, сонау патша үкіметі басқарған шаруашылықтан жаңа Советтік дәуірге не қалғаны белгілі. Сол күйреген шаруашылықты түзеу оңайға түспегенін білеміз. Жағдай жаңа түзеліп келе жатқанда 1931-1932 жылдардағы аштық елді тұралатып кетті. Одан кейін, тек, 1938 жылы егін жақсы шығып, ауылдың хал-жағдайының түзелуіне – үлкен септігі тиді.

1938 жылғы енбекақысына тиген бидайды өзіміздің ауылда, кейбір жеке шаруа иелері құйып сақтайтын орын таппай абыржып қалғандарын білеміз. Әр үйге тиесілі бидайларын ұжымшар басшылары үйлеріне өгіз сүйрейтін жәшікті арбалармен әкеліп, есіктерінің алдына төгіп кететін.

Бұл Аллаһтың берген үлкен ризығы еді. 1939-1940 жылдары ұжымшардың әл-аухаты күшейе бастады, соның арқасында құрылыстар салынды, мал басы молайып, мал қоралары түзетіліп, астық қоймалары жаңадан салынып, ішіне астық қоры құйылды. Ұжымшарда үлкені, кішісі бар, барлығы 300-ден астам қара мал, отыз шақты өгіз, жүзден астам жылқы, жиырма бес бас түйе, үш жүздей қой-ешкі болды. Бұл сол кездегі кішкене ұжымшар үшін жап-жақсы байлық.

Ұжымшарда екі бригада болды. Ауылдың солтүстік-шығыс беткейінде «Котлован» - деген су тоғанынан басталып ылдиға қарай «Кішкене алқа» төңірегінде бір-біріне жалғасқан қара суларға дейін жететін «Терең сай» аталатын жылға бар. Терең сайдың табанымен қысы-жазы тоқтамай ағып жататын тереңнен келетін көзі үлкен бұлақ, ауылдың су байлығы, ырысы. Нағыз таза суды ауыл осы бұлақтан көлікпен келіп алып әкеліп ішеді. Осы терең сай ауылдың жерін екі бригадаға тең бөлетін меже. Сайдың күншығыс беткейі сонау «Бас ағаш» аталатын орманға дейін 1-бригаданың жері. «Бас ағаштың» ішіне қарай біраз барған соң кең алаңды жан жағы ағашпен қоршалған ашық жер бар. Сол жерде 1-бригаданың тұрағы – «стан» деп орысша аталып кеткен мекен.

Үлкен екі бөлмелі, алдында ұзынша коридорлы сәнді салынған, еңсесі биік ағаш үй қызыл бұрыш, кеңсе. Төбесі сабанмен жабылып жақсы қымталған астық сақтайтын қойма, жазғытұрғы және күзгі жұмыстар кезінде жұмысшылар тұратын бірнеше талдан тоқып сылап, төбесі шыммен жабылған үйлер бар. Далада түрлі ауыл

шаруашылық саймандары тұратын алаң, ашық тоқ бар.

Терең сайдың оңтүстік-батыс беткейі, алыста көрінген «Сарыбел» - деген қалың ағашқа дейін 2-бригаданың жері. 2-бригаданың тұрағының орналасқан жері «Котлован» деп аталатын су тоғанынан батысқа қарай «Еңтүскен» атты ағаштың күншығыс жақ баурайында болатын.

Бұл жерде екі бөлмелі ағаш үй, түрлі саймандар тұратын қора, ашық бидай тоғы, түрлі техникалар тұратын алаңы болды. Ауылдың теріскей-батыс беткейі қара сулар мен тоғайларға бай, шеті көк Есілге тірелетін мал жайылымы, шөбі шүйгін шабындық. Ол жылдары Есіл суы жылда көктем шыға тасып, арнасынан асып жайылып, бүкіл осы өлкені, «Тышқан» тоғайынан бастап сонау «Бұпекке» дейін су басып кететін. Су тасқыны тартылып, жер құрғағанда, бұрқырап көтерілетін көк майса шөп, шабындық уақытында белуарға дейін жететін биік болып өсетін. Мал жайылымына да, шабындыққа да жететін шөп байлығы бұл ауылда басқалардан көп артық болды. Міне, осындай әсем де бай табиғаты бар, суы мол, жағалай орман, шөбін тартсаң астынан майы шыққан құнарлы жері бар ел неден кемдік көреді, тек еңбек ету керек.

Соғыстың алдында ұжымшар бір жүк тартатын автомашина да сатып алған. ЗИС-5 аталатын автомашинаның кабинасы ағаш, ішінде жылу беретін пеші жоқ, жалпы сыртқы бітімі де онша көз тарта қоймайтын. Бұған дейін машина көрмеген елге қазіргі «Камаз» машинасынан кем болмайтын. Кабинасына мініп түсу тұрсын, қузовына шығып түсудің өзі үлкен қуаныш болатын. Мұндай машиналар ұжымшарлардың кез келгенінде бола бермеді. Машинаны

жүргізуші – Қабдәс Бексұлтанұлының құрмет дәрежесі басқармадан кем болмады.

Ауылдың күншығыс жақ шетінде, қыратты далаңқысында, жел айналдыратын үлкен алты қанатты желкендері бар жел диірмен болды. Әсіресе қаттырақ жел соққан күні ағаш қанаттары сықырлап айналып ішіндегі бидай үгетін үлкен тасты зырқыратып айналдырып ұн үгетін. Жеке меншіктер қап-қап бидайларын апарып үктіріп, бірнеше қап ұн-кебектерін әкетіп жататын. Диірменді жүргізіп, тоқтатып, басқарып тұруды екі кісі атқаратын. Мен білетін соңғы кезде, бұл үлкен көлемді диірменді жүргізуші мамандар Нұрмұқан, ауыл ішінде Дорба деп аталатын кісі, Шалов Федор деген еліміздің қадірлі тұрғыны болды. Бет-ауызы, үсті-басы аппақ ұн болып ішінде жүргенде, бұл кісілер үлкен – дәу Аязата іспетті көрінетін. Бүкіл диірмен сол кісілердің құдіретімен ғана қозғалып, іс атқарып тұрғанда, ол кісілердің қасына барып сөйлесу, қол жетпес қиындық болатын. Бертін келгенше бұл диірмен ұжымшарға, халыққа баға жетпес қызмет атқарды. Моторлы диірмен болғанға дейін, қаңқиып қыр басында зәулім ескерткіш болып сақталған еді, көп жылғы уақыт әсерінен тозып қирай бастаған соң, бұзылып алынған.

Мұндай диірмен қазақ ауылдарының ішінде «Көктеректе» ғана болды.

Ұжымшар болған соң мал өсіріп, табысын пайдаланудан басқа көлемді егін шаруашылығымен айналысты. Сол кездегі егілетін бидай, арпа, сұлының барлық көлемі 600-800 гектардай ғана болатын.

Трактор дегеніңіз алғашқы кезде атымен болмады. Жер

жыртатын екі тілді (лемехты) соқалар саны ұжымшарда оншақты ғана болатын. Одан басқа бес-алты бір тілді соқалар болды. Бұлардың бәрі егін дәліздерін жыртуға пайдаланылды. Тартатын күш, қос-қостан жегілетін аттар, өгіздер еді. Соғыс уақытында өгіздер жетпей сиырлар жегілді. Орталық сиырларынан да жеке меншікті сиырттайшалары көбірек жегілетін.

Жыртылған жерді тегістейтін бораналар жеткілікті болды.

Бидай егетін құралдар болмады. Қолмен шәшіп себілетін. Бидай себушінің мойнында екі шелектей тұқымдық бидай сиятын қапшық-дорба болады. Сол тұқымды жаяу жүріп, дорбадан қолымен алып алдына шаша сеуіп ілгері жүре береді. Дорбадағы бидайы біткен жерде белгіге тал тастап, шетпен жүріп келе жатқан бидайы бар арбаға барып тағы салып алып, осылай кеш болғанша жаяу жүріп, қолмен тұқым себілетін. Әрине, бұлай себілуде қандай сапа, сенімділік қасиеттері болады. Сонда да, солай себілді, сол алқаптарға бидай, арпа, сұлы, не сепсең соның бәрі өсті. Ол кезде жер де шұрайлы, тың кезі ғой, соның шипасы болғаны белгілі. Бірақ арам шөбі көп болатын.

Осындай әдістермен өсірілген егін «Лабагрейка» атты егін оратын, көлікпен сүйреліп жұмыс жасайтын құралмен шабылатын. «Лабагрейка» - деген орыс сөзінің мағынасын түсінетін болсақ, бұл құрама сөз, екі сөзден тұратын: «Лаба» - алдыңнан тоқталмай келіп құлап жататын орылған астық болса, «грейка» - грести – сырып отыру деген мағынаны білдірсе керек. Сонда тоқтаусыз алдына құлай беретін орылған масақты сырып отыру деген ұғымды береді. Анығында да бұл жұмыс, алдына орылып құлап

жататын жайманың төрінде отыратын кісінің екі қолымен тоқтаусыз атқарылатын нағыз ауыр жұмыс.

Ұжымшарда «Лабагрейкалар» саны барлығы алты-жетідей болған. «Лабагрейкамен» шабылып қатар-қатар тасталған бидайдың кіресі, егістік жер тегіс шабылып біткен соң, сырылып бір жерге жиналады. Сырма құралын ауыл шеберлері қолдан жасайды. Сырылып бір жерге жиналған егін мая болып үйіледі. Кейінде, саспай, күз, қыс айларында «молотилка» деген егін соғатын машинамен маядағы бидай соғылып алынады. Осындай машиналардың ұжымшарда скеуі болды. Күз айларында бала кезімізде бұл жұмысқа да қатынастық. Соғылған бидай даладан ауылға, астық сақталатын сарайға тартылады. Пар ат, не пар жегілетін өгізбен, ұзын жәшікті арбамен әкелінеді. Ондай жәшіктерге 700-800 кг бидай сиятын.

Мал, ұжымшардікі болсын, жеке шаруанікі болсын жаз айларында далада, жайылымдарда бағылады. Қыс айларында қорада ұсталады, қораларда төлдейді. Малдың шөбі, жемі жаз айларында дайындалады. Шөп екі-үш аттар жегілетін шөп шабатын машинамен («сенокосилка») шабылады. Ат, не түйе жегіліп сүйрейтін тырнауышпен кіреге салынады. Кіреге салынған шөп, қолдан жасалған шөпсырғышпен сырылып жиналып, қолмен көпенелер тұрғызылады. Көпенелер аттың күшімен, қыл арқанмен тартылып бір жерге топтастырылады да, қолмен мая, не шошак түрінде жеке-жеке үйіледі. Осындай мая, шошактар шабындық жерлерде жүздеп тұрғызылатын.

Шалғын шөбі қалың өсетін алқада қара мал, түйе, қой-ешкілер қар түскенше бағылатын. Жылқы ұзақ қыста үнемі

далада, тебінде жүреді. Жылқы бағатын кісіні – жылқышы дейтін. Міне сол жылқышы ұзақ қыста үнемі далада, жылқымен бірге жүретін.

Соғыстың алдындағы ұжымшар – ауылдың сырт көрінісі мен ішкі тыныс-тіршілігі осындай еді. Бұл кедей емес, орта дәрежелі ұжымшарлардың бірі десек болады.

Маңайдағы жақын қазақ ауылдары: Мектеп, Ленин, Алқағаш, Жанаталап, Жаңажол тағы басқаларының хал-жағдайы бірі төмен, бірі Көктерек ұжымшарымен шамалас шаруа жағдайлары, тұрмыс-тіршіліктері болды. Соғыс алдында жеке шаруаның да қал-жағдайлары жаман емес еді.

Орта шаруада 2-3 сиыр малы, төрт-бес қойы, бәрінің үйлерінің жанында кең огородтары болды. Ауылдың үйлерінің барлығы дерлік ағаштан салынған. Кірпіштен, шымнан салынған үйлер болмады.

Үйлердің үсті шатырлы, шыммен жабылатын, ол кезде шифер деген болмады ғой.

Көшелерде табиғи жолдар еді. Автомашина, трактор дегендер болмаған соң, олар жүрмеген соң, жолдар теп-тегіс қалпында жататын. Ауыл көшелері көк шөпті, тап-таза болатын еді.

Ауылдардың арасында ол кезде қолдан жасалған жолдар болмады. Қыс шана, жаз арбамен жүретін жолдар болғандықтан сәні бұзылмайтын. Халық басқа түскен ауыртпашылықтардан, аштық сияқты қиыншылықтардан арылып, қуаныштарын ел болып бірге тойлап, алға қойған көлемді жоспар, мақсаттары бар еді. Соғыс болып, халықтың басына қасіреттің қара бұлты төнеді деген ой болмаған, жайбарақат ел еді.

II. СОҒЫС БАСТАЛҒАН, СҰРАПЫЛ КЕЗЕҢ

Ұжымшардағы ауылдың қал-жағдайы біршама түзеліп, мал-жан аман, ішер тамақ, киер киім, тұрғын үйлер жеткілікті жағдайда, Аллаһтан болашақтың жақсылығын тілеп, бүкіл ел болып жұмылып ұжымшарға, жеке бастарына еңбек жасап жүргенде кенеттен «Соғыс», «Соғыс», «Соғыс» - деген суық хабар елдің шырқын бұзды да жіберді. «Соғыс» хабары елге үрей, қорқыныш әкелді. Соғыстың жүріп жатқан жері елден мыңдаған шақырым алыстықта болса да, отанымыздың шетіне басып-жаншып, өртеп, қырып-жойып жау қаптап кіріп жатқанда, атылып жатқан зеңбіректердің дауысы, отандас елдерге түсіп жатқан бомбалардың дүмпуі, ертен-ақ елімізге жетіп қалатындай әсер ететін.

Советтер Одағының батысында, Европа елдерінде, неміс фашистері соғыспен біраз елдерді жаулап алыпты деген хабарды еміс-еміс еститін едік. Ақыры, еміс-еміс келіп жатқан соғыс хабарларының жамандығы басым болып, 1941 жылдың июнь айының аяқ кезінде, неміс әскерлері біздің Советтер Одағының батыс шекараларына соғыспен кіріпті, деген хабар жетті. Ондай хабар жатама, жамандық тез тарайтын әдеті ғой.

Әскерде міндетті әскерлік борышын атқарып жүрген ағам Сәтібектен соғыстан бір ай бұрын келген хатында, соғыстың болу-болмауы туралы ешқандай болжамды сөз білдірмесе де, құрамында танктерімен өздері бар үлкен әскер тобы батыс шекараға қарай кетіп бара жатырмыз деген еді. Осы соңғы хаты Белоруссияның Белосток – деген қаласынан салынған екен. Содан кейін біржола хат-хабарсыз кетті.

Неміс фашист басқыншылары біздің мемлекетіміз, отанымыз – Советтер Одағына соғыс жариялап, жерімізге баса-көктеп кіріп, отандастарымызды қырып-жойып, талқандап, танктерімен жаншып, қиратып, аспаннан бомбаларын жаудырып, қара өрт салып, шығысқа қарай, астанамыз Москва қаласын нысанға алып, таптап келеді деген сөздерді балалық шағымызда мән-маңызын, қасірет-қайғысын терең түсіне қоймасақ та, күнде естіп үрейленетін едік. Сол күндерден бастап еститін сөзіміз «соғыс», соғыс жайында еміс-еміс ауылға жететін хабарлар болатын. Өйткені ол кезде ауылда радио, телефон дегендер жоқ. Газеттер колхоздың кеңсесінде ғана бір-екі данасы болатын. Олардың өзі елге уақытында жете бермейді. Көшеде бір-бірімен кездесе қалған кісілер, соғыс жайында не жаңалық бар деп, бір-бірінен сұрайтын.

Соғыс басталғалы халықтың көңіл-күйі өзгеріп, қабақтары қатайып, күлкі-қуаныштары тыйылып қалған. Несіне қуансын.

Соғыстың басталғаны туралы, сол кездегі одақтық мемлекеттің Сыртқы істер министрі В.М.Молотовтың бүкіл елге арналған сөзі жарияланды. Оны естіген, оқыған әр азамат енді ертең отанды жаудан қорғауға өзі аттанатындай жүректерінде толқу болатын. Осыдан кейін көп кешікпей ССРО Жоғарғы кеңесінің Указы шықты.

23 июнь 1941 жылғы бұл Указбен барлық әскерге жарамды, 1905-1918 жылдары туған кісілерді соғысқа шақыру туралы шешім қабылданған екен. Соғыстың біздің жаққа жеткен ұшқыны осылай басталып, әрбір шаңыраққа тиетін қасіреті міне осылай білінді. Бұдан былай елдің

азаматтарын соғысқа шақырып, әкету жұмысы жүре бастады. 18-19 жыл өсіріп тәрбиелеп ер жеткізген баласын екі жылдық міндетті әскерге көзден таса қылып жіберудің өзі әке-шешелеріне үлкен уайым болса, бұл енді үйдегі жалғыз ер азаматты, шаңырақ иесін, соғысқа, ана жақта жанып жатқан отты қырғынға жіберу, алда тұрған өлімге шығарып салумен бірдей болды. Бұл жағдайды, соғысқа алынушы адам алдымен түсінсе, елде, үйде қалып бара жатқан жанұясы егіліп, езілген жүрегімен сезінетін еді. Сол күндерден бастап көз жасына етектері толған жылау, әкесінің мойнынан қолын алмай еңіреген бала, аңырап, жарынан ажыраса алмай жататын әйел, жалғыз балаларынан азынап қалып жатқан аналар, мұртын жуа сорғалаған көз жасын жасыра сүртіп жүретін аталар қатары, күн өткен сайын көбейе берді.

1941 жылдың күз айларынан бастап ел азаматтарын соғысқа шақыру басталса, сол жылдың желтоқсан, келесі 1942 жылдың қаңтар, ақпан айларында елден азаматтарды әкету тіпті жиілетіп кетті.

Ауылдық кеңес арқылы әскери комиссариаттың шақыру қағазы келгеннен, қағаздары (повесткалар) қолдарына тигеннен бастап, әскерге кететіндердің үй ішіне үрей келеді, үрейленіп жүріп, дайындықтар атқарылады. Кететін кісінің киімдері түгенделіп, өзімен бірге алатын тамақтары, иығына асатын дорбасына жинастырыла басталады. Әскерге кететін үй иесі, үйдің, қора-қопсының шалағай жерлерін шамасы жеткенше түзеп, отын-шөбін үйіне жеткізіп кетуге дамыл таппай жүреді. Сонда ол қанша уақытқа жетеді, әйтеуір осы қысқа жетіп, кемдік, қиындық көрмесе екен дейді ғой.

Әскерге кететін кісі, Аллаһқа сиынып, күні-түні тілектерін тілеп, Аллаһқа сеніп, кетіп жатады. Артында қалып бара жатқан, бауырында шиеттей балалары бар жас жары, төрінен көрі жақындап қалған ата-анасы, ешқандай сенері, сүйенері жоқ бауыр-туыстарының хал-жағдайы нешік болмақшы соны ойлайды. Соғыс қысқа уақытта бітетін төбелес емес, не сендер не біз жеңемізге бел буған мемлекеттер арасындағы ымырасыз шайқас, қанша жылға созылатынын ешкім болжай алмайтын қантөгіс. Осындай ауыр жағдайлар барлық ауылдарда, әр шаңырақта, қазақта да, орыста да, барлық ұлттардың басында болды. Жерлестерден, туыстардан соғысқа кетіп жатқандарын шығарып салғанда бүкіл ел болып азынап, зарлап жылап, ауылдан алыстап, біршама қыр асқанша қалмай, бірге барып, ажыраса алмаған дауыстар, көрші елдерге естіліп жатса, ол елдердің арыстарын аңырап жылап шығарғаны біздің ауылға да естіліп, бірге жыласып ауыр қасіретті бірге бөлісіп жүретін.

1942-1943 жылдары әскерге алу, соғысқа жіберу өте жиі болды. 1945 жылға дейін біздің кішкене көлемді ауылдан бір жүзден астам азаматтар соғысқа алынды. Сонда, әр қайсысының қара шаңырағынан айырылып кетуі жеке-жеке қасірет еді-ау.

Солардың кейбіреулерін еске алсақ, бәрінің қасіретті жағдайлары көз алдыға келеді. Немере ағам Ғайса Ережепұлы, 1908 жылы туған, соғысқа 1942 жылдың қаңтар айында алынды. Сонда, 34 жасында ұжымшардың басқармасы, басқарманың орынбасары қызметтерін атқарып, елдің қадірлісі, қорғаны қамқоршысы болған еді. Үлкенге сыйлы іні, кішіге ақылшы – аға болды. Соғысқа кеткенде

үйде денсаулығы кем, 26 жастағы келіншегі Мәруар қалды. Оның бауырында 5 жасар Рәш, бір жастан жаңа асқан Күләш атты екі бала қалды. Артына қарайламай үйді сеніп тапсырып кететін аға-інілері жоқ. 1914 жылы туған немере інісі Жәкәбай соғысқа 1941 жылдың аяғында алынып еді, содан жоқ болды.

Тоқсанұлы Отызбай, 1905 жылы туған, соғысқа 1942 жылы – 37 жасында алынды. Артында азынаған қария анасы, соғыстың алдында бір жыл бұрын қосылған жары Қамия бауырына салған 5 жастағы баласы қалды. Мұнда да артында сенері жоқ, жалғыз еді.

Жақин Теңбай деген жас азамат, төңірекке танымал Нұқан жожа, бақсы, емші болған, сыйлы адамның жиені еді. Сағила деген шешесі марқұм өлгенше жалғызым, жалғызым, - деп бұл дүниеден зарлап өткенін білеміз.

Қасенов Қаби соғысқа алынғанда жас әйелі мен баласы Ескен қалған. Олармен бірге кәрі шешесі болды. Соғыс жылдары Ескеннің шешесі де ауырып қайтып, бұлар да тұл жетім қалды.

Мәдиев Едірес соғысқа алынғанда жалғыз ұлы Қорған бір жаста ғана болатын. Жаңа үйленген жас әйелі Тұрсын ерсіз, қорғансыз қалды.

Шиеттей 3-4 баламен қалған жас әйелдер, ешқандай қорғаны, қамқоршысы жоқ кемпір-шалдар, қу үйді күзетіп қалып жатты. Бұл сияқты жанұялар екінің бірі болды.

Соғысқа алынған ел азаматтарынан 67-і сол майдан шебінде жау оғынан қазаға ұшырап, тәні сол жақта қалды. Соғыста оққа ұшқан аталарымыз, ағаларымыз әрқашанда есімізден шықпайды, үнемі еске алып дұғамызды арнап

жүреміз. Көктерек ауылының тап ортасында оларға арналған ескерткіш тақтада бәрінің аттары аталып тұр.

Ірі қалаларда да соғысуға жарамды ер азаматтардың бәрі әскерге алынып, зауыт, фабрика, ірі кәсіпорындарында жұмыс істейтін кісі қалмады да, олардың орнына 45-50 жастағы мосқалданып қалған адамдар қара жұмысқа (орысша - трудармия) алынды. Солардың бәрі соғыс біткенше заводтарда, шахталарда, темір жол бойында, тағы сол сияқты қара жұмыстарды атқарды. Оның үстіне ФЗО-деген қысқа мерзімді оқулар (фабрично-заводское обучение) болды. 4-6 айдай сол оқуларда жас балалар оқыды. Қазір ойлап тұрсақ, сондай оқуға 12-15 жастағы балалар алынды да, оқу бітірген соң әрмән қарай қара жұмыстарда қалды. Біразы Қарағандыға шахта жұмысына жіберілді. Сонда, ауыл шаруашылығы жұмысын атқаруға кімдер қалды,- деп ойлансақ, жасы елулерден асқан, соғысқа жарамсыз үлкендер, жесір, балалы-шағалы әйелдер, жасы ұлғайған аналар және сегіз жасқа жаңа толған балаларға дейін қабырғалары қайысып, шаршап-шалдығып жүріп, ер азаматтардың орнында ауыл тіршілігінің барлық шаруашылықтарын атқарған осылар. Оның үстіне өздерінің жеке шаруашылығы малы, жаны бар, оларды қарау керек. Үй күтімі, тамақ, киім дегендей, тірі адамға бәрі де керек, оған қоса балаларды оқыту міндеті бар. Ауыл мектебі төрт сыныптық, оны тәмамдағаннан кейін екі ауылдың арасы жеті шақырым Ленин ауылындағы орта мектепте оқуларын жалғастырулары керек. Тіршіліктің тынымсыз машақаты аз емес, соның бәрі атқарылып жатты.

Соғыста жүрген азаматтар да естен бір сәт шықпады. Ол жақта не болып жатыр, қалай жүр екен, тамақтары бар ма,

тоңып жүрген жоқ па, ауырып қалды ма, -деген ойлар аналардың, әйелдердің естерінен шықпады.

Әскерде жүргендерге көмек үшін, үкімет тарапынан елге өтініш, салықтар түсетін. Облигация қағазының кепілдігімен ақша жиналатын, сегіз килодан әр отбасынан май салығы алынатын, киімдер жинауға тапсырма берілетін.

Соғыс қажетіне белгілі талаптарға жарайтын жылқы малы да алынды. Ауыл-ауылға тапсырма берілген соң дара аттық, пар аттық арбалар (брички) - ұзынша, арба бойындай жәшіктерімен дайындалатын. Көк сырмен сырланған осындай ұзынша арбалар, ауылдың ұста-ағаш шеберлерінің қолынан шығып әскерге жіберіліп жатты.

Міне, соғыстың басталған алғашқы қатаң-қаһарлы, сұрапыл мезгілінің сипаты, қаралы ауылдың қал-жағдайы осындай болды.



III. СОҒЫС ҚҰРБАҢДАРЫ

1941 жыл біздің өлкенің көпшілік жұртшылығының есінде тағы да бір ерекше оқиғасымен сақталды.

Қазіргі Шал ақын, ертедегі Октябрь ауданының орталық қаласының аты «Марьевка» болатын. Көлемі үлкен, қазіргі Сергеевка қаласынан батысқа қарай жеті шақырым жерде, Есіл өзенінің сол жақ беткейінде орналасқан, үйлерінің көпшілігі ағаштан қиылып салынған, көбінің қабырғалары кірпіштен тұрғызылған, сәнді, көшелері кең, құмды, таза қала болатын. Есіл суын тоқтататын үлкен көпір тоған – «Плотина» Сергеевка қаласының тұсында салынғанда «Марьевка» қаласы судың астында қалатын болғандықтан 1962-1965 жылдары тып-типыл болып толығымен бұзылды. Үйлері бұзылып басқа жерлерге көшірілді, көбі Сергеевка қаласына әкелініп қайта тұрғызылды.

Қазіргі орны судың астында қалған «Марьевка» қаласының бергі «Социал» ауылы жақ бетінде, Есілдің тасты жиегінде, ағынды Есілдің қабағында, судың ағынымен айналатын турбинаның күшімен ұн үгетін, үлкен диірмен болатын. Тұла бойы тастан жасалған, ауласы тасты дуалмен қоршалған, ешқандай күштің қиянатына көнбейтін мықты, мызғымайтын диірмен үйі де, қорғаны да берік қамалдай еді. Бала кезімде ағам Сәтібекпен оның өзі жүргізіп жүрген автомашинасымен барып көргенім бар. Тағы бір рет ұн үктіретін кісілермен барған едім.

Ұн үктіруге келіп жатқан халықтың көптігінен, кісілер әкелген бидайын үктіру үшін бірнеше күндей күтіп

жататын. Ұны қазіргі ұндардың I-II –сортындай аппақ, жұмсақ болатын.

1941 жылдың жазғытұрымында Есіл өзенінде күшті тасқын болды. Су өте биік көтерілді. Есілдің екі жақ алқасына тегіс жайылды. Жиекке жақын орналасқан кейбір ауылдардың шетін басып кетіп, әсіресе мал қораларын, байқаусыз жайылымда жүрген малдарын су алып кетіп жатты. Мұз үстінде ағып кетіп бара жатқан малдарды, неше түрлі аңдарды, қора, баздардың сынықтарын ауылдың дөңінен алқаға қарап тұрып көретін едік. Су Көктерек ауылының Есіл жақ беткейін тегіс басып, ауыл тұрған биік дөңнің іргесіне дейін келген.

Осы орасан тасқын ілгеріде айтылған Марьевка қаласының тұсында, Есіл жиегінің жарында тұрған тас диірменді талқандап бұзып, іске аспайтын қылып кеткені есімде осы күнге дейін сақталды. Сол тасқында домалатып алып келген, үлкендігі екі есікті киім қоятын шкафтың көлеміндей қара тас, Көктерек пен Ленин ауылдарының арасындағы «Мешіт» - деп аталатын дөңес жердің төменгі жағында осы күнге дейін жатыр. Биіктігі кісінің бойындай, көлеміне үш кісінің құшағы жетпейтін тасты домалатып әкелген су тасқынының күшін көз алдыңызға елестетіп байқаңыз, неткен күш. Бұдан кейінде талай су тасқындары болды, бірақ сол 1941 жылғы көктемдегі су тасқынындай апаты болған жоқ. Ауылға барғанда «Мешіт» аталатын қыраттың жанынан өткенде әлгі сумен келген тасты көрген сайын, 1941 жылғы Марьевканың тас диірменін бұзған тасқын мен сол жылы басталған соғыс бірден еске орала кетеді.

1941 жылғы күзде болған тағы бір оқиға ұмытылмайды. Сол жылдары қасқыр өте көп болды. Алқада жайылып жүрген малды жарып, жаралап кетулері, кішіректерін көтеріп алып кетулері жиі болатын. Әлі қар түспеген күзде мал өз бетімен жайылып, оттап, далада жүреді ғой. Ұжымшардың отарлы қойы (саны 300-дей) далада бұлақты сайдың бойында жайылып жүргенде бір ұялы – оншақты қасқыр әлгі қойларды қуып, қыра беріпті. Тас көпірлі «Котлован» деп аталатын жаққа қарай айдап әкетіп бара жатқан қасқырлар 150 бастай қойдың мойнынан тістеп, шабын жарып өлтіре берген екен. Сәті болғанда елдің адамдары көріп сау қалғандарын құтқарып алып, өліктерін, жараланғандарын жиып әкелгенін білемін. Шаруасы шамалы ұжымшарға бұл да айта қаларлық шығын болған еді.

1941 жылғы болған осындай оқиғалар еске түскенде, «жамандық жалқы келмейді»- дейтін үлкендердің тәжірибелі сөзі ойға оралады.

1941 жылдың аяғынан бастап көпшілік ел азаматтарының әскерге алынуына байланысты ел тұрмысының ауыртпашылығы сезіле қалған еді. Біреулері соғысқа алынып жатса, біреулері шақырту қағаздарын күтумен ауыр ойда тұнжырап, соғысқа кету дайындықтарының қамында болатын. Мұндай жағдайда неткен шаруашылық ілгері басады. Күзгі егін жинау жұмысы тездетіп аяқталды. Орталық және жеке меншік малына жететін шөп, сабан қоры қамдалды. Шүкіршілік сөзі аузынан түспейтін, Аллаһқа сенген халық, «елдегі жағдайдың бір жөні болар, соғыстағы азаматтар не халде жүр десенші»- деген ойда болатын. Олардан күтетіндері хат, хатпен білдіретін амандықтары.

Сол кезде Ленин ауылындағы пошта бөлімшесінен елге хат, газет таситын кісі Әнес, Таласпай ағаларымыздың әкесі Нұрқан ақсақал. Мұрт қойып, сақалын жіберген дөңгелек жүзді, аласа бойлы, толық денелі, үстінен шапанын, басынан бөркін тастамайтын, аз сөйлейтін, ауызы берік кісі еді. Пошта таратуда көбіне салт атпен жүретін. Қабы үлкен болса ердің артына байлап, жеңіл болса ердің басына іле салатын қоржыны болатын.

Соңғы кезде осы кісі келе жатса ел тұрғындары қуана да, үрейлене де қарайтын. Аманшылық хат келсе қуанады, суық, жаман хабар келіп қалама, - деп қорқады.

Соғыстың алғашқы айларында жақсы хабар болмады. Неміс әскерлері батыс шекара жақтағы ауылдарды, қалаларды қиратып, бірінен соң бірін жаулап алып жатыр, шығысқа қарай баса көктеп кіріп келеді, өлім де көп, шығында шек жоқ деген хабарлар елге жетіп жатты.

Соғыс уақытында әскери қолбасшы болған маршалдардың жазғанын оқысақ 1941 жылдың 1-маусымына Советтер Одағына қарсы тұрған немістердің әскер құрамдарының 120 дивизиясы болған екен. Соғыс басталар алдында неміс әскерлерінің саны 8 миллион 500 мың болыпты. Тек қана біздің мемлекетімізге қарсы 5,5 миллион жаяу әскер, 5 мыңдай соғыс ұшақтары, 3,5 мың танктер қатысқан екен. Неткен сұмдық күш, қандай сұрапыл дайындық десеңізші.

Сол кітаптардың бір жерінде айтылғандай шекараға жақын тұрған біздің әскерлер дивизияларының саны шамалы болыпты. Тек май айының (1941 ж) ішінде батыс шекараға небары 28 атқыштар дивизиялары мен 4 ірі-ірі әскер

құрамдары апарылыпты. Салыстырып қарасаңыз, біздің қарулы күштер қандай қиын жағдайда соғысқа кіргені көрініп тұр. Алғашқы айларда жеңіліске ұшырау себебі де содан болғаны өзінен өзі белгілі болды.

Соғыстың алғашқы айларынан бастап Қазақстан жеріне батыс шекара қалаларынан, орыс, Украина, Белоруссия, керек десең, Польша жерлерінен босқындар тобы келе бастады. Оның ішінде әсіресе әке-шешесіз, қорғансыз қалған жетім балалар болды. Біразы біздің ауданға да әкелініп, ауыл-ауылға бөліп берілді. Ауылдарда оларды өз еркімен үйлеріне алушылар шығып, бауырларына тартты. Біздің ауылға бір польша қызы – 10 жаста, бір Украин баласы – 12 жаста, бір орыс баласы – 13 жаста, әкелініп, үйді-үйге бөліп алынды. Орыс баласының аты – Сергей, фамилиясы Васильев екен, ағам Ғайса өзіме бала қылып аламын деп, үйіне кіргізіп алды. Міне бұл ұлтаралық жанашырлықтың белгісі еді.

Сергеймен бәріміз бір үйде тұрдық, бірге өстік. Үнемі қазақтардың арасында болған соң, қазақ тілін тез игеріп кетті. Мінезі жуас, тілалғыш, достығы мықты еді. Бірге жатып, бірге тұрып, өзінен кіші болсам да менен қазақша сабақ алып жүрді.

Өкініштісі, 1942 жылдың басында ағам Ғайсаны соғысқа алып кетті. Ағамыздан айырылып бәріміз жетім қалдық. Бала болсақ та Сергей де, мен де ұжымшарда жұмыс атқаруға кірісіп кеттік. Үйдің де шаруашылығына қарадық. Сөйтіп жүргенде 1943 жылы 14 жасар Сергей ағамды ФЗО мектебіне, Қызылжар қаласына оқуға алып кетті. Бұл оқуға да арнайы шақырумен әкететін. Бұл да соғыс уақытының

талабы болатын. Сергей сол кеткеннен ФЗО-да 6-ай оқыған соң Қарағанды қаласына шахтаға жұмысқа жіберілді де, сол қалада тұрып қалды. Жап-жақсы ғұмыр кешті. Автомобиль жүргізуші, алдыңғы қатарлы қызметкер болды. Мария атты өзімен бірге істейтін әйелге үйленді. Владимир атты ұлы болды. Қатынасып, хабарласып тұрдық. Қазір енді өзі де, жеңгеміз де жоқ, қайтыс болды. Тәптештеп бәрін айтып отырған себебім ұлты басқа болса да бір туғандай болып кеткен ағам еді. Ағамыз Ғайсаның балаларын өзінің туған қарындастарындай жақсы көріп, жанын бөліп жүруші еді.

Бұл жеке тағдырдың жағдайы болса, ел басына төнген ауыр қасірет соғыстың бірінші күнінен ілгері басқан сайын, қиындап ауырлай берді. 1941 жылдың күзінен бастап, соғысқа кеткен азаматтардың оққа ұшырағандары туралы хабарлар елге келе бастады. Суық хабарлар аудандық соғыс комиссариаты арқылы жіберіліп, ауылдарға ауылдық кеңестер жеткізеді, болмаса пошта тарататын кісіден жабық хаттар (конверті) жіберілетін. Міне, осындай суық хабарлы хатқа халық – «Қара қағаз»- деген ат қойып үлгерген. Бара-бара осы «қара қағаздың» келуі жиілей берді.

Шекенов Қайыр, 1922 жылы туған, 1941 жылдың қазан айында соғысқа қатынасып, сол жылдың желтоқсан айында оққа ұшқан.

Жаңбыршин Ибрагим, 1917 жылы туған, 1941 жылы күзінде соғысқа алынып, 1942 жылдың басында қайтыс болды деген хабар келді.

Ақанбаев Қасым, 1906 жылы туған, 1942 жылдың басында соғысқа кеткен, сол жылдың қараша айында оққа ұшқан хабары келді.

Бабаев Қойбағар, 1906 жылы туған, Әбенев Қажыхымет 1908 жылы туған, 1942 жылдың басында соғысқа алынды, 1943 жылы екеуінен де соғыста қайтыс болды деген хабар келді.

Досмұқанов Қабдөш, 1912 жылы туған, Даиров Сейтқазы 1916 жылы туған, офицер аға лейтенант дәрежесінде взвод командирі болған, екеуінен де 1943 жылдың аяғында соғыста қаза болды деген хабар келді.

Пәлен жердегі соғысқа қатынасқан еді, хабарсыз кетті-деп келген «қара қағаздар» -да жиі келіп жатты. Енді қазір біліп отырғанымыздай түскен бомбалардың аспанға көтерілген балшығының астында қалып қойғандары болған, снарядтан күйіп кеткендерін кім тауып ала алды, соның бәрі із-түзсіз жоқ болып кеткендердің санында екен.

Соғыстың алдында міндетті әскерлік борышын атқарып жүрген өз ағам Сәтібек, тап соғыс басталарда танк жүргізушісі болып шекараға барғанын білеміз. Соғыс басталып, аспаннан бомба тасталып, жерден зеңбіректер атқылағанда, өз танкінің ішінде күйіп кетті ғой деп ойлаймыз. Кейінде, «хабарсыз кетті» деген военкоматтың хатын алдық. Сөйтіп өз ағам да хабарсыз жоқ болғандардың бірі болып қалды.

Біздің қазақ халқының қанында сыйластық, сыпайлылық сияқты жақсы дәстүрлер көп қой. Суық хабарды, әсіресе өлік хабарын басқа ұлттар сияқты төбеден ұрғандай тарс еткізіп жеткізбей, сыпайы, жайлап, астарлы сөздермен түсіндіретін дәстүр бар. «Қара қағаз» келген үйге ең кемі екі-үш кісі жиналып, жаяу барып, ақырын, баяу сөздермен хабарлайды. Сол тәртіп сақталатын. Жай да үрейде жүрген ел, басы пошта таратушы шал – Нұрқан, қасында екі-үш

кісісі болып бір үйге беттеп барғаннан, бұл тегін жүріс еместігін түсінген үй, әлгі топ жақындай бастағаннан дауыс көтеріп жылай бастайтын. Ол қаралы жоқтауға көршілері жиналады. Елдің бір шетіндегі азынап, дауыс көтерген жылау үні, ана шетке жететін. Жамандық хабар тез тарайды, «қара қағаздың» келгенін бүкіл ел білетін, бір үйдің қаралы халі бүкіл елге ортақ қайғы, басқаларға үрей тудыратын.

Сонда да қолдан жерлеп, бейітін көрмеген соң, өлгендеріне сеніп, жүрек суи қоймайды. Қағаздың аты қағаз, мүмкін қателік болып жазылған шығар, деген дүдәмәл ой сақталатын. Оның үстіне, әр жерде «қара қағаз» келген кісілердің тірі екендіктері естіліп, кейбіреулері ауыр жарақаттарынан жазылып, соғыстан елге оралып келгендері болды.

Өзіміздің елде де, Бексұлтанов Құлибек деген кісі, 1906 жылы туған, 1941 жылдың аяғында соғысқа кеткен, 1942 жылдың желтоқсан айында «хабарсыз кетті»- деген хат келген. 1943 жылы Құлибек ағамыз ауыр жараланып аман-есен елге оралып, соғыстан кейін жиырма жылдан астам гұмыр кешті. Міне осындай жағдайларды біліп отырып, ел асыл арыстарын өлімге қимады, өлді деген хабарға сенбеді. Ешқайсысы, ешкімге дұға оқытып, өлік асын бермеді. Соғыс біткенге дейін бір хабары келіп қалар деп күтті. Соғыстан кейін де талай жылдар өткенше сенбейтін сеніммен жүрді. Ата-аналары соғыстағы балаларын емірене, зарыға күтті, әйелдері жүректері елжіреп, езіле, күнде жасын төгумен, балалары сағына, іштен тына әкесіз жетімдіктен жаны жаншыла күтті. Осылай күндер өтті, айлар асып, жылдар жылжи берді. Соғыс тез бітпеді, ел елегізумен үрейлі күндер кешті.

1945 жылы мамыр айында, соғыс жеңіспен аяқталғанда бүкіл халық шексіз қуанышқа бөленгенін көрдік, бірге қуандық, қуаныштан аққан көз жастары да көл болғанын білеміз.

Соғыстан кейін де, хабарсыз кеткендері тұрсын, өлді деген «қара қағаздары» келген азаматтарды, келіп қалар деп ел болып күтті. Уақыт озып, жылдар жылжи берді, он жыл өтті, қырық жыл өтті, ақыры көңіл суыды, енді елге оралар деген арман орындалмайтын болды.

1995 жылы бүкіл ел болып, алыстағы жақындағы ұрпақтар жиналып, өткен отан соғысы құрбандарына арнап ас берілді, бата-дұғасы атқарылды, үлкен қаралы мәжіліс өтті. Аллаһ бәріне бақи дүниенің жақсылығын сыйласын, имандары жолдас болсын, шейіттер ғой олар, деген бата-тілектер атқарылды.

Шаңырақ иелері соғыста жоқ болған жанұялардың бастарынан кешкен өмірлері әрқайсысы үлкен дастандық оқиғалар. Артында ұрпағы қалмағандардың уақыт өте келе шаңырақтары жабылып қалса, ұрпағы барлар «жас өспей ме, жарлы байымай ма»- дегендей балалары өсіп, азамат болып, олардан да ұрпақ өрбіп, әкелері өлсе де қара шаңырағы өлмеді, жалғасып жатыр. Аллаһ Тағала енді мұндай қырғын қасіретін көрсетпесін, еліміз аман, жеріміз тыныш болсын. Мұндай тағдыр тек бір ауылдың басында емес, тек бір мемлекеттің тағдыры емес, бүкіл сол кездегі одақтағы мемлекеттер халқының басынан өткен қасірет, ұмытылмайтын ауыр азап, ел тағдырында ізі қалған зұлмат. Осындай өмірді басынан кешкен адамдар қандай да болмасын құрметке лайық.

IV. АУЫЛДАҒЫ АРПАЛЫС

Отан қорғау майданының алғы шебінде, үстінен жауып тұрған оқтың астымен жанын оқтан сақтап жүріп, жаумен айқасқан жауынгерлердің кешкен күндері, өлім мен өмірдің арпалысы екенін білеміз. Күндіз де, түнде де жарқ-жұрқ еткен оқ, жарылыс, солардың зардабынан қазаға ұшырау, атпаған сайын қан-жоса болған қатардағы жолдастарын көру, кімнің болса да есін алып, жүйкесін жұқартатын іс. Бұл, күні-түні жүріп жатқан қанды майдан. Сен жауды атып-жаншып өлтірмесең, ол сені өлтіреді, сондықтан сен де жауды аяусыз атуың керек, жоюың керек. Бұл соғыстың күнделікті атқарылатын ісі. Мақсат жауды жеңу.

Ауылдағы айқас та, өлім мен өмір айқасы болды, айырмашылығы тек қансыз айқас.

Соғысқа азаматтар тегіс алынып кетсе де, ұжымшар сол қалпында сақталған, ел тіршілігі жалғасуы керек, сол үшін еңбек ету қажет, еңбексіз тіршілік жоқ. Сонда ұжымшардың сенетін, сенім артқан жұмысшылары қара шаңырақтарға ие болып қалған қариялар, жесір-жетім қалған әйелдер, буыны қатып есеймеген балалар. Ұжымшардың шаруашылығын жалғастырып, өз отбастарын сақтау үшін жанкешті еңбек етіп, қиыншылықтармен айқасқан, тіршілік үшін күрескен осылар.

Тіршіліктің көзі, қуаты нанда. Нан болуы үшін егін егілуі керек. Егін егілуі үшін алдымен жаз шыға, жер кебе, егістік алқаптың жерін соқамен жырту қажет. Соқалар екі тілді, көлік күшімен тартылып жер қыртысын аударатын құрал. Соғыс алдында ауылда «Универсал» аталатын бір кішкентай

трактор болды, оның өзі сынумен, жүруінен тоқтап тұруы көп болатын. Сонда жер жырту жұмысы көліктің күшімен атқарылатын. Ұжымшардың өгіздері екі бригаданың жерін соқамен жыртуға жетпейді, сондықтан сиырлар жегіледі. Көбіне жеке меншік сиырлары пайдаланылатын. Жыртылатын дәліздің басына, бақташы сиырларды айдап әкеліп үйіріп тұрады. Олардың ішінде жуасынан асауы көп, қалайда ұстап, мойнына арқан салып, кейбіреуін нокталап, сүйреп, жетектеп әкеліп соқаға, мойындарына жарма деген қамыт кигізіп, екі-екіден қатар жегу керек. Жарма (орысша ярмо) қатар жегілетін екі өгізге арналып жасалған, тап ортасында сүйрелетін соқа, борана, арба, сырмаларға іле қоятын ілгешек мықты темір шығыршықтары бар – қамыт десек те болады. Мұндай өгіз қамыты қолдан жасалады, іскер шеберлер тұтас ағаштан шауып, ойып шығарады. Жарманың жеке көліктер жегілетін дара түрі де болады. Мұндай қара малға арналған қамытты қазіргі жастардың көбі көрмеген болар, қандай екенін білмейді.

Жер жыртатын соқада жұмыс атқарушылар негізінен әйелдер, ересек қыздар еді. Бір кісі түпте, соқаны тегіс бақылап, жер жырту тереңдігін қадағалап, соқаның артынан еріп отырады. Алдыңғы екі сиырдың алдарында жүріп, жетектеп, жыртылған ізден шығармай, тура жолды бақылайтын бір әйел, ортадағы екі жұп сиырлардың жүрісін, сүйреуін қарап жүретін тағы бір әйел болады. Осылай күні бойы 2-3 әйел бір соқамен жер жыртудың бейнетінде жүреді. Көлемі 30-50, кей біреуі жүз гектардай жерде бірнеше соқалармен әлгіндей жер жыртатын әйелдер. Әр соқаға берілетін жоспарлы көлемі болады, оның орын-

лауын, есепшілер, бригадирлер қатаң қадағалайды, орындалуын талап етеді. Басшылардан жаман сөз естімес үшін, әйелдер шаршап, қажығанына қарамай еңбек етеді. Асау сиырларды қуып жүріп ұстап, сүйрелеп әкеліп соқаға жету, ер адамдардың да, кез келгенінің қолынан келе бермейтін, ауыр да, жараланып қалу қауіпі көп жұмыс. Мүйіздерімен қағып кетіп, алысып жүргенде асау сиырлардың аяғының астында қалатын кездері де болады. Жараланып жатса жанында ем көрсететін кісі жоқ, іш көйлегінің етегінен жыртып алып жараларын таңып байлап жүре беретін кездері болады.

Таңның атуынан, күннің батуына дейін соқада, жер жыртуда жүру ауыр қиямет. Күннің ыстығында шөлдесе ішетіндері дәліздің басында бөшкеде тұратын су. Сол судан, шелекпен, жегіліп жүрген сиырларға да береді. Бастарынан ыстық өтіп, шаршап-шалдығып, отырып қалу әйелдерде жиі болатын. Соқа сүйреп жүрген сиырлар, ауыздары ашылып, тілдері салақтап шаршайды, құлап түсіп тұра алмайтындары болады. Тұншығып өліп кетуге жібермей, қамыттан босатып, шалдырып дем алдырады да, тағы жегіледі. Білінбей буаз қалпында жегіліп жүрген сиырлардың бұзау тастағандары қаншама. Мініліп жүрген сиырлардың ішінде сауын сиырлар көп болады. Олардың сүтін күтіп отырған үйде балалар бар. Кешкі жұмыс біткеннен кейін үйге келген сиырлар сауылып сүті алынады. Сүті сүт машинадан өткізіліп қаймағы бөлінеді. Қаймағынан арылған сүттен айран ұйытылады, не ірімшік қайнатылады. Бұлар сол кездегі нан бастаған тамақтардың басты түрлері.

Әйелдер жер жыртып, тырмалап болғанша, аталар сарай,

баз, мал қораларын, жаз мінілетін арбаларды түзетіп, мал қораларының ішін, маңын тазалайды, оларда да жұмыс бастан асып жатады. Жер жыртылып болғаннан кейін сол жерлерге бидай, қара бидай, сұлы, ешмен себіледі. Оны себетін қазіргідей себу машиналары жоқ. Қапқа салынып алған тұқымдықты мойынға асып жаяу жүріп қолмен шашады. Бұл себуда қандай сапа болады, бірақ басқа амал жоқ. Бұлай себілген бидай өскенде арам шөбі көп болады. Оны жұлып тастамаса түбінде соғылып алынатын бидайда арамшөптің басы қаптап кетеді. Сондықтан бидай бастанып өскен кезде арамшөптер жұлынады. Ол жұмысты атқаруға оқудағы балалар қатыстырылады. Бұл мезгілде балаларда жазғы демалыс уақыты ғой, сол уақытты пайдаланып арам шөпті жұлу жұмыстары жап-жақсы атқарылып қалады. Сондағы ұжымшар жұмысын атқарушы балалардың жасы жеті-сегізден басталады. Міне қандай жұмысшылар болды. Нанын, суын дорбаға салып үйлерінен ала шығып егістіктің басында жүрек жалғап жүреді. Осындай қиындықты басынан кешкен балалардың денсаулығына әсері тимей қоймайды.

Ауыл шаруашылығының жұмысы бітпейді, бірі бітсе бірі басталып жатады. Егістік дала жұмысы саябырлаған кезде, малға шөп шауып дайындау шаруашылығы басталады.

«Көктерек» ұжымшарының маңайы мал жайылымына бай, шабындық шалғынына Есіл өзенінің алқасының өзі жетіп жатады. Әсіресе Есіл суы тасып, алқаға жайылып барып сабасына қайта тартылғаннан кейін, суға тойған жердің шөбі бұрқырап тез көтеріледі. Тоғайлардың араларының шөбі шілде айының аяқ кезінде тізеден асып, белге жетеді. Шабындық жерлерге мал жіберілмейді. Қырда қатын

ағаштың баурайларындағы жоңышқа шөп шабылмай қалып жатады. Шөп байлығы жетеді, бірақ соны шауып жинап алу еңкейіп қалған ерлер мен жесір әйелдердің атқаруларына ауыр жұмыс.

Үш ат қатар жегілетін сүйретпелі шөп шабатын машиналар ұжымшарда жеткілікті болды, тек соларды игере білген, аттардың божысын тура ұстай алатын, машинаның тетігін түсінетін, білегінің күші бар, сергектеу ер адам жүргізуі керек. Сондай кісі бола бермейді. Бары, басқа, ауыр, күшті қол керек, ер адам атқаратын жұмыстарға жіберіліп жатады да, шөп шабатын машиналарға кейде әйелдер отырып жүрді. Шөп қалың өседі. Жылда шабылатын жерлердің асты таза, кедергі жасайтын ештеме болмайды, шабылған шөп таракпен таралған шаштей теп-тегіс құлап түседі. Бір-екі күн жатқан шөп, күннің ыстығымен жақсы кеуіп қалады.

Шөп машинамен шөп шабудың бір қиындығы шөп шабатын шалғыларын күнде, үлкен дөңгелек бітімді шар қайрақпен қайрап отыру керек, олай болмаса өтпейді, шөпті жұла береді. Ал алпыстан астам ирек жүзді шалғыны қайрау да әйел кісінің қолынан келмейді. Шалғы бір күннің ішінде екі-үш рет ауыстырылады. Шөп шабуда үш-төрт машина жүріп жүрсе, сонда бір күнге оннан артық шалғы керек. Сондықтан күнделікті керек шалғыларды дайындап қайрап, босаған тістерін қатайтып, түсіп қалғандарын қайта қағып, шегелеп отыратын арнайы бір кісі болады. Темір машина сынады, тоқтап қалады, ол кезде оған ауыстырып сала қоятын бөлшектері ұжымшарда бола бермейді. Сондай ауыртпалық түскенде көмек көрсетіп, іс тындыратын

ауылдағы темір соғатын іс үй – ұста үйі. Ішінде қазіргі замандағыдай неше түрлі станоктары болмаса да, жоқтан бар етіп, шебер ұсталар майысқанын түзеп, сынғанын жалғап, бәрін жасап беретін. Реті келгенде аттарын атап айтатын, іс үйдің ұсталары Қоспан Нүрпейісұлы, Нөкен Оспанұлы атты аталарымыз еді. Темірді қызартып, балқытып тұруға жергілікті жуан ағаштың көмірі пайдаланылатын. Тұтанып жанған көмірді сөндірмей күшті қызуымен ұстап тұру үшін тынымсыз үрлейтін көрік – деп аталатын қолдан жасалған үлкен үрлемелі құрал болады. Ол қолмен басылып үрленеді. Қазіргідей электр күшімен айналатын желдеткіш мотор ол уақытта көз көрмеген, білмейтін құрал. Осындай жағдайдың өзінде ұсталар темірді балқытып, екі темірді біріне-бірің қайнатып қоса алатын шеберлер еді-ау, марқұмдар. Соларды темірден неше түрлі аспаптар, нәрселер, саймандар жасауға ешкім үйреткен жоқ, зергек ой, адал жүректі ынтамен өздері үйренген ұсталар еді. Шаруашылықта пайдаланылатын пышақ, шөп суырғыш, көсеулерден бастап, аттарға таға, арба-шаналардың темір бұйымдарынан басқа, биіктерге көтерілетін баспалдақ, шөп сыратын «сырғыш» сияқты үлкен-кесек дүниеліктерге дейін іс үйде жасалатын еді.

Ертесімен күн ұясына түскенге дейін іс үйде жұмыс тынбайтын. Тық-тық, тарс-тұрс ұрған неше түрлі ауырлықты балғалар мен темірдің тарсылы тынбайтын, гуілдеген көріктің жағы талмайтын. Жанған отта қайнаған темірмен арпалысқан ұсталардың маңдайынан тері тамшылап ағып, көйлегінің сыртына су болып шығып жүретін. Оның үстіне қызыл темірге күйіп қалу, қолдан ұшып кеткендеріне жараланып қалу, ыстық үйде жүрегі қысып қалу, қауіптерін

күнде бастарынан кешіп жүрді марқұмдар. Қазір ойлап тұрсақ нағыз адал жүректі батырлар осындай ауыр жұмыста болғандар екенін білеміз. Бірақ бұлардың жанқиярлық істерін ешкім елемеді, ақыры аттары аталмай да қалды. Айта берсек, жалақы да алмай, тегін еңбек етті-ау сорлылар. Жалшыға да жалақы төленуші еді ғой, советтік ұжымшарда ондай адалдық болмады.

Шөп шабу әңгімесін әрман қарай жалғастырсақ, келесі кадам шабылған шөпті жинау, маялау. Шөп кіреге шөп жиятын тырнауышпен жиылады. Ат тырнауыш – деп аталатын құрал, биіктігі метр жарым екі доңғалақты, жалпақтығы үш жарым метр тырнауышты машина.

Алдындағы екі ағаш жетегінің арасына кәдімгі арбаға жеккендей, қамыт кигізіліп, доғасын салып, ат жегіледі. Күні бойы бір ат тырнауыш сүйреп шөп жинауға шыдай алмайды, тері шәшәсінен ағып шаршайды, тұрып қалады. Сондықтан тырнауышқа күніне екі ат кезекпен жегіледі.

Ұжымшарда түйе болғаны тиімді болды. Түйе саны жыл сайын аздап өсіп, соғыс жылдары отыздан астам болған. Осындай саны әжептәуір түйе өлкемізде тек «Көктерек» ауылында болатын. Түйенің біздің жердегі пайдасы мықты, төзімді көлік есебінде пайдаланылуында еді.

Шөпті тырнауышпен жинауға түйе де жегілетін. Бір түйе ұзақ күн шөп жинауға шыдайтын. Тырнауышпен шөп жинауға жас балалар пайдаланылады. Бұлар да соғыс жылдарының еңбеккерлері болды. Он жасымызда тырнауышпен шөп жидық. Сондағы бір қиыны, кешкі жұмыстан кейін босатып жіберетін түйе, табынын тауып қосылып, өздеріне ылайық, ұнайтын шөбін іздеп бармайтын жері болмайды, алысқа

кетіп қалады. Ертемен оны іздеп тауып, өзіңе керек түйені ұстап әкелу бір қиямет. Тағы бір қиыны – түйенің бурасы (еркегі) жынданатын мезгілінде, өзіңе керек түйені табыннан бөліп әкетуге бермейді. Ауызы көпіріп, басын шайқап, жынданып, салт атпен жүрген бізге қарай жүгіріп қуып, кеудесімен соғуға дейін келетін. Содан сақтанған біз, әр қайсымыз қолымызға ұзындығы 4-5 метр жуан талдан құрық алып, біріміз алға қарап, біріміз кейін қарап отырып, бір атқа мінгесіп барып, төрт бала екі атпен табынға жақындайтын едік. Қуып келіп қалған бураны тек басына ұрып қорқытатынбыз. Денесінің басқа жеріне тиген таяқ оған ешқандай әсер етпейтін. Тек осы тәсілмен керек түйелерді бөліп айдап әкететін едік. Түйелердің өздеріне қойылған аттары болады, ол қандай түйе керек екенін түсінуге оңай. Мысалы: «Ақ тайлак», «Қара тайлак», «Сары інген», «Нар інген», «Бақырауык», «Қайқы бас» тағы сол сияқты болатын. Бертін келе соғыстан кейінгі жылдары түйе саны ауылда сексенге жетті. Неге екені белгісіз, сонша түйе сауылып, сүті пайдаланылмады, шұбат жасалынбады. Бір пайдасы жүні болды. Жүнін жақсы қырқып, жұлмаламай, бөлмей алса, тұтас жабағы болады. Оны оңдап жуып, тазалап, кептіріп, шапанға астар есебінде салынса күпі деген киім болып шығады. Ол тоннан кем емес, жылы, жеңіл, қыс киімі болатын. Әсіресе әже-апалар ұнатып киетін. Жүнін түтіп, майдалап иіріп жіп жасап, биалай, мойынға салатын шарф, күрте тоқып пайдаланылатын баламасы жоқ, ғажап дүние. Осындай заттар жасалып соғыс жылдары әскердегі азаматтарға да жіберілетін.

Түйе денелі үлкен мал болса да, жүрісі жеңіл, жүйрік

келеді. Түйенің күйлі, майлы екені өркешінен белгілі. Өркештері қисайып жатпай тік тұрса, семіздігі.

Қос өркешті түйенің өркештерінің ортасында отырғанда, үйдің креслосынан кем емес. Астыңда жұмсақ жүні, алды артық тіреуішті, жайлы орын. Балалық шағымыз түйемен байланысты болды, сонда көбіне түйе үстінде, астыңа төсеніш салып жайдақ жүруді ұнататын едік. Екеу-үшеуіміздің басымыз қосылғанда, далаңқы жердің жолында жарыс жасайтынбыз. Бұл да балалық өмірдің есте сақталған көңілді, қызықты кездерінің бірі. Түйе шөп шабатын машинаға жегілмейтін. Ат сияқты шапшаң, икемді емес, жүруі, бұрылуы, тоқтауы бәрі ауыр, божының ыңғайына көнбіс болмады. Жалпы шөп дайындау жұмысы өте ауыр жұмыс. Кіредегі шөп бүкіл әйелдердің, балалардың қол күшімен, тек айырмен, қол тырнауышпен жиналып көпенеге салынатын. Көпене дегеніміз – төбесі істік, бөрік бітімді, биіктігі кісі бойындай, бір жерге үйілетін шөп. Төбесі шошақ болса, жаңбыр болғанда су сорғалап үстімен ағып, арасына су бармайды, айлап тұра береді. Бірақ, шөп көпене қалпында қалмайды, олар бір жерге топтастырылып жиналып үлкен мая етіп үйіледі, не «шошақ» деп аталатын сырт бітімі әлгі көпене сияқты, бірақ, 20-30 көпенеден үйілетін шөп. Маяға 50-60 көпене үйілетін, қоян жонды биіктігі ұзын айыр жететіндей болады. Әр жердегі көпенені бір жерге жинастыру үшін ат күші пайдаланылады. Аттың мойнына қамыт кигізіліп, бір жақ құлақбауына ұзын қыл арқан байланады. Осы қыл арқанмен көпене астыңғы жағынан оралып тартылып, ат мойнындағы қамыттың екінші құлағына шеті ілгешек болып байланады. Ат үстінде салт мініп жүретін

бала көпенені сүйреп топталатын жеріне апарып, әлгі ілгешек байланған шетін тартып қалып, шешіп жерге тастап, арқанын суырып алып, келесі көпенеге барады. Ол көпененің жанында әлгіндей арқанмен оратып жіберіп тұратын бір әйел болады. Осылай көпенелер топтастырылып жиналғаннан кейін, бір күні, қолына айыр алуға жарайтын ер-әйелдер жабыла шығып, шөпті маялайды, шошақтар тұрғызылады. Қазіргі замандағыдай техника жоқ, бәрі қолмен атқарылатын болғандықтан шөпті жинап маялау, жұмыстың ең ауыры, қиынның қиыны болатын. Соны атқаратын үлкендер де, әйелдер де, балалар да кешке жұмыс біткен соң шаршаған бейшаралар арбаға жегілген өгіздерімен үйлеріне зорға жететін. Күні бойы жұмыста жүргенде ішетіндері айран болады. Кейде, шөп үйетін күні, қымыз жиналып әкелінеді. Әйтеуір, нан жеткілікті дайындап әкелінетінін білемін. Айран бітіп қалса шөлдегенде ішетінің су болады. Осы жұмыстарды қазір көз алдына әкелсең, қалай сол күннің ыстығына шалдар мен әйелдер, жас балалар шыдаған деп ойлайсың. Жұмыстың аяқ кезінде жоғары көтерген айырлары қолдарынан түсіп кетіп, кейде өздері де жығылып жатып қалатын. Міне қандай жанқиярлық еңбек болды. Шалдар сақал-мұрттарынан тері тамшылап жүріп, әйелдер бастарына тартқан орамалдарынан терін бұрап ағызып, көйлектері суға түсіп шыққандай болып жүретін еді. Нағыз еңбек, нағыз еңбектің ерлері осылар еді ғой. Осындай жұмыстар ұжымшарға тегін, жалақысыз атқарылды. Ауыр еңбектің арқасында орталық малына да, жеке меншік малына да шөп дайындалатын. Көпшілік жеке шаруа иелері оған қоса өздері шөпті қолмен, қол шалғымен шауып жиып алуға

да жанын аямай тырысатын. Бүкіл жанұя сеніп отырған мал, қыс қатты болса, аш болмасын дегенді ойлайды ғой. Шөп жұмысы тамыз, қыркүйек айларына жетеді. Оның арасында келер қысқа қора, мал тұратын ықты орамдар дайындалуы керек. Бидай қоймалары түзетіледі. Жалпы қысқа дайындық жұмыстары ұқыпты атқарылады. Жеке шаруа өз үйлерін, қора-қопсыларын түзеп, сылап, бекітіп, қыс бойы жағуға отындарын дайындауды біріне-бірі көмектесіп, атқарып жүреді. Даладан отын-шөп үйге өгіздің күшімен тартылып жеткізіледі. Өгіз болмай қалса, қолда бар сиыр жегіледі. Жесір әйел, жетім бала, арбаға жегілген өз сиырларымен даладан отындарын қу бейнеттің қияметін көріп жүріп, өлмес тіршілігін жасайтын. Бұл да соғыс зардабының көрінісі, осының бәрі барлық елдің басынан өтті.

Қыркүйек айының басынан өсіп, пісіп қалған бидай, басқа да егістік дақылдарды жинау науқаны басталады. Бұл үлкен көлемді жұмыс алғашқы қар ұшқындап кететін салқын мезгілге дейін созылатын болғандықтан, жұмысшылар қырман басына көшіп барады. Көп кісі бірге тұратын жатақхана тектес ұзынша, талдан тоқып, сылап, үсті шыммен жабылған үйлерде; шошақ төбелі бөрік тектес етіп, ұзын сырғауылдардан дөңгелете қаланып жасалып үсті қалың шөппен жабылған, іші кең қостарда жұмысшылар бірге тұратын. Тек тамақтары бөлек, төсек орындары, киімдері жиылып қойылатын орындары бөлек болатын.

Жұмысшылардың бригада басында қона жататын себебі, бұл жерден ауыл 7-8 шақырымдай алыс. Күнде кешке дейін жұмыста жүретін, кісілерге, осы қоста қона жатқаны, таң ата жұмысқа баруларына ыңғайлы.

Ол кезде ауылда да, бригада басында да пайдаланылатын жарық, керосин құйылатын білтелі шам, болмаса май шам да пайдаланылады. Электр жарығы деген атымен жоқ.

Бригада басында екі бөлмелі ағаш үй болатыны айтылды. Сол үйдің бір бөлмесі «Қызыл бұрыш» деп аталды. Онда анда-санда келетін бірлі-жарымды газет, кітаптар, үгіт-насихат құралдары болады. Қабырғада, жарнама тақтасында, жұмыс көрсеткіштері қолмен жазылып ілінеді. Осы үйде жұмысшылардың жиналыстары өтеді. Күн ашық болса жиналыстар көбіне сол үйдің жанында, далада өтетін. Жұмыста жетіспейтін жағдайлар, кемшіліктер көп болғандықтан жиналыстар өте қызу, айқай-шумен өтетін. Қолдан келіп шешілетін мәселелер де шамалы. Ұжымшар бастықтарының да ешқандай қамқорлығы жанашырлық істері бола қоймайтын.

Жұмысқа мінілетін аттар, өгіздер бригада басында бағылатын.

«Лабгрейка» - деген егін шабатын машиналар бәрі «бригада» маңында болады. Егіннің кіресін жиатын сырмалар елде, ұста үйінде дайындалып әкелінеді. Кіреге түскен бидайды қалайда бір жерге жинап маялау керек. Маядағы бидай артынан, саспай соғылады. Сонда ойлап табылған бидайды жинау құралы орысша - «волокуша», қазақша – «сүйретпе»- деп аталатын өте жабайы құрал. Ұзындығы төрт метрдей жетек ағаштың бір басына өгіздерге кигізілетін жарма – қамыт ілінеді, кейінгі басына көлденең бекітілген, ұзындығы үш метрдей ағашқа, қайың ағашының ұзындығы 3-3,5 метрдей бұтақтары бірімен-бірінің арасы 20-30 см шамасы алшақтықта бекітіледі,

сонда 3 метр ағашқа бекітілген сыпырғыш тектес құрылым болып шығады. Міне, осындай, ойға оралып жасалған «сүйретпе» үстіне егіннің сабағын салып жинастырып, тартылып көпенелеуге пайдаланылады. Арбаға артып-тартып, жинастыруға жыртылған жердің үстінде доңғалақтары шыдамай сына беретін, ал мына сүйретпеде доңғалақ жоқ, тек сыпырғыш бұтақтары ауыстырылады.

Ауыр да, масыл сүйретпемен жұмыс істеу малға да, жанға да бейнет болатын. Әйтседе бұл керек құрал болды, халық оған да көнді, шыдады.

«Лабагрейка»- деген егінді шабатын машинамен жұмыс жасау бейнеттің бейнеті, жұмыстың ең ауыры. Алдында бидайды кесіп отыратын ұзындығы екі метрден артығырақ шалғысы бар, шалғының үстінде бидайдың масағын лавогреиканың жаймасына құлататын айналмалы көлденең орналасқан шалғы бойындай алты құлағы бар. Лабагрейка көліктің күшімен сүйреліп жүргізіледі. Түпке екі өгіз жегіледі, олардың алдына екі ат жегіліп, сол төртеуінің күшімен жүреді. Лабагреиканың масақ құлайтын жалпақ темір жаймасының артында мықты ер адам, кесіліп алдына дамылсыз құлап жататын масақты екі қолдың күшімен, қолындағы масақ сыруға ыңғайланып жасалған қысқа салалы айырымен, дамыл жоқ кейін қарай сырып жинап, көбейген кезде уақыт-уақыт лавогрейкадан кейінге итеріп түсіріп отырады. Түскен сабақ үйіндісі бір қатар кіре болып жатады. Өгіздерді ұзын камшымен жасқап қорқытып отыратын бала лавогреиканың алдында отырады. Ал алдындағы екі аттың бірінің үстіне мінген бала лавогреиканың тура жүріп отыруына жауапты. Міне осылай бір лавогрейкада үш кісі

жұмыс атқарады. Жұмыс таңның атуынан күннің батуына дейін істеледі. Жұмыс аяқталғанша адам да, мал да әбден қалжырап, құр сұлдері шығады. Әсіресе лавогрейкада бидай сабағын екі қолдың дамыл көрмейтін күшімен сырумен отыратын аталардың жұмыстан құр жаны қалатынын көріп жанымыз аяйтын. Қолдың күші шамалы, бала болсақ та, бидайдың масағының селдір жерлерінде, аз да болса, қолын суытып дамыл алғызу үшін жалынып сұранып, бізде түпкі орындыққа отырып, бидай сырып, аталарымызды бір мезгіл өгіз айдайтын орындыққа отырғызып қолын суытатын кезіміз болатын. Өгіздер де аттар да шаршайды, оны айтатын тілі жоқ жануарлар, жүре алмай тұрып қалады, не жатып алады. Тоқтап, қамыттан мойындарын босатып дәліз басында тұратын бөшкеден су әкеліп беріп, аздап шалдырып алып, қайта жүреміз. Бұл малдың да, адамның да басындағы болған қияпат, оны кімге айтып аяулық тілейсің, тек тілінді тістеп шыдайсың. Әр кезде марқұмдар: Нұрпейісұлы Омар ағамыздың, Оразалин Жұмағазы, Еленбаев Мырзахмет, Сағындықұлы Елнас, Нұрманұлы Нөсербайлардың басқарған лавогрейкаларының ат-көлігін айдап, солардың жанында жүріп, әңгімелерін де тындадық. Қара бейнеттің қасіретін тартып, жүйкелері жұқарып жүрсе де, қатты сөз айтып, балағаттап, қол тигізген кездері болмады. Мың рахмет марқұмдарға, әркез оларды есіме алып дұға арнауды ұмытпаймын, аруақтары риза болсын. Күннің ыстығында, ауыр жұмыстан қара терге көйлектері малынып жүретін, маңдай терлерін саусақтарымен сыпырып тастап, беттерін көйлектерінің жеңімен сипап жүре беретін. Сондай ауыр жұмыста тоя ішетін қою тамақ та жетіспейді, негізгі қорек

нан мен айран болатын. Осындай үш кісі жүргізетін лаво-
грейкалардың бір дәлізде үшеу-төртеуі жүретін. Әр балаға
өгіздер де, аттар да бекітіліп беріледі. Оларды күту, мезгі-
лінде өріске шығарып салу, танертең өрістен келгенде ұстап,
жұмысқа әкету, балалардың ісі болды. Аттарға, өгіздерге
де бірінен-бірін ажырату үшін ат қойылатын. Өгіздердің
аттары қызықты болатын: «Жынды қара», «Қошқар шәб-
дәр», «Ай мүйіз», «Шолпан қызыл» «Победа», «Мая бұзған»
атағы сол сияқты. Осылардың бәрін өзіміздің жекеменшік
малымыздай аяп, күтетін едік. Олар да балаларға үйреншікті
болып алатын.

Атқарылған ерен еңбектің арқасында егістікті кіреге
түсіру уақытында аяқталатын. Қара бидай, ешмен, сұлы да
егілетін. Алдымен тез пісетін күз егілген қара бидай
шабылатын. Кімнің болса да үйінде астықтың қоры тау-
сылатын мезгіл, қара бидай шабылған кезде, ретін тауып
әкеліп, қол диірменмен ұн қылып үгіп, нанға жарып қалатын
едік. Ол кезде қазына мүлкіне қол сұғуға заң өте қатты, қор-
қынышты, аз нәрсеге абақтыға отырғызып тастайтын.
Күнделікті жеуіне жететіндей ғана дән аласың. Бидайдың
масағын, шапаныңды жайып, үстіне үгітіп, қана аласың.
Лабгрейкадағы бидайдың масағы сырылып түсіріліп
жататын жайма темірінің арт жағында бидайдың дәндері
жиналып қалатын жәшігі болады. Сол жәшік мезгіл-мезгіл
дәнге толып қалатын. Соны бір дорбаға жинап, жұмыстың
аяғында аздап бөлісіп алатынбыз.

Басқа лавогрейкада жұмыс жасағандар да сол тәсілмен
нанға қолдары жетіп қалатын.

«Лабгрейкамен» шабылып дестеге түскен дақыл суға

тимей жиналуы керек. Суға тиіп қалса кептіріліп жиналады. Жиналу үшін, бүкіл шабылған дақыл бір жерге топтастырылып мая болып үйіледі. Шабылған масақты жинастыруға пайдаланатын құрал, ілгеріде аты аталған қолдан жасалатын «сүйретпе» болды.

Екі өгіз сүйрейтін «волокушаға» егін салынып үйіліп бір жерге тартылып көпене көлемді үйіледі де, одан мая болып биіктетіліп жиналады. Маядағы дақыл артынан егін соғатын «молотилка» аталатын машинамен соғылады. Міне осы жұмыстың бәрі әйелдердің тікелей қатынасуымен атқарылды. Тек маялауға келгенде, ерлер жұмыстың ауырын өз мойындарына алады. Дала жұмыстарының дені әйелдердің қолымен атқарылды. Бидай түсетін ток дайындалады, манайы тазартылады, жұмысшылар жататын барактар сыланады. Ауылда қалған әйелдер мал қораларының ішін тазалайды, сылайды, мектеп үйін түзетеді, өз үйлерін жөндейді, қалайда әйелге жұмыс табылады, істейтін істерінде шек жоқ. Сенер ерлері болмаған соң, ер адамның да, әйелдің де жұмыстарын өздері атқарады. Құлап-сүрініп жүріп, әйелге тәуелді емес, күшке тиетін, ерлердің жұмысын да өздері атқаратын.

Бригададағы ток басында да шексіз бітпейтін жұмыс. Әсіресе токқа бидай түскен кезде әйелдерге жұмыс көбейеді. Алдымен оны тазалау керек, жайып кептіру, жанбыр жауса суға тигізбей шөмелелеп үйіп, жанбыр басылғаннан кейін қайта жайып кептіру, бәрі қолдың күшімен атқарылатын жұмыстар. Токта электр күші деген болмайды. «Транспортер» деп аталатын, бидайды керек жерге қолмен тасымай, айналмалы полотнамен лақтырып тұратын тетіктердің не екенін ол уақытта білмейтін кез. Бидай бір жерден екінші

жерге қолмен, шелекпен тасылады. Бидайды тазалайтын қолмен айналдыратын екшеуіш машина «веелка» атымен белгілі. Токтың басында сондай 3-4 «веелка» болады. Оның кісі бойындай биіктікте, үстінде орналасқан жәшігіне бидай шелекпен, қолдың күшімен көтеріліп салынады.

Веелканың жәшігіне бидайды салуға қолдары жетпей жатады, астарына биіктетіп скамейка қойып, бір әйел соның үстінде екіншісі жерде жүріп шелекпен бидайды әперіп тұрады. Веелкаға бір әйелдің қол күші жетпей, айналдыру тұтқасын екі әйел айналдырады. Осы жұмыстың өзі қандай қиын, қандай бейнет. Бұған қолының қаруы бар ер адам да шыдай алмайды. Сол жұмыстарды әйелдер танның атуынан, күннің батуына дейін, күзгі суық түскенше істейтін. Тазаланып, кептірілген астық, өгіздер жегілетін арбамен, ат арбасымен ауылдарға бидай сақталатын қоймаға апарып төгілетін. Егін орылып жиналып біткенше түскен астықты үкіметтің астық қабылдайтын орындарына апарып тапсыратын ешқандай мүмкіндік болмайды. Ұжымшар сатып алған ең алғашқы ЗИС-5 маркалы үш тонналық машина, бір жылдан кейін сынған. Оны түзейтін маман да, сынған бөлшегін алатын жер де жоқ. Сонымен ол машина бір қоймада жабық тұратын. Тағы бір қиыншылық мемлекетке тапсыратын бидайды жақын жерде алатын орын жоқ. «Элеватор» деген орын Қызылжар қаласында ғана бар. Қызылжар біздің ауылдан 200 шақырым жер.

Күз айлары жаңбырлы болатын әдеті бар. Жаңбырлы күндерде бидай тоқта үюлі жатады. Бірақ қалайда уақытында кептірілуі керек. «Қазақ қайлалы, түлкі айлалы» - болады деген сөздің анық екеніндей, бидайды кептіру үшін, бригада

басында от жағылатын үлкен пеш салынды. Пештің көлемі, қазіргі жобалауым бойынша, 10х6 метр шамасындай. Биіктігі 70-80 см, кірпіштен қабырғалары тұрғызылған, үсті теп-тегіс, асты жайма темір, оның үсті кірпіш, оның беті тегіс сыланған. Екі жақ шетінде, қабырғаларымен шектес, отын жағылатын екі пеші болады. Одан шығатын жалын мен түтін жайманың ішін қуалап, артқы қабырғаға жабыстыра көтерілген биіктігі 2,5 метрдей, түтін тартатын мойындары (труба) арқылы шығады. Сонда екі пешке екі жағынан жағылатын оттын қызулы жалыны жайманың астын тегіс аралап пештің арқасын түгел қыздырады, бидай сонда кебеді. Бригаданың тұрған жері жағалай қалың ағаш болғандықтан, пешке ұзындығы 2 метрден кесілген ағаш отын жағылады. Бір қызып жанып алған соң от сөнбейді, үстіндегі бидай, ағаш күреппен аударылыстырылып кептіріліп алына береді, орнына басқа жасаң бидайлар ауыстырылып салынып, кепкені жабық тоққа төгіледі. Жайма пештің үстін жауыннан қорғап тұратын үлкен көлемді жаппа бар, қабырғалары ашық, жел соғып тұрады. Ұзаққа созылған жаңбырлы күзде бұл пештің пайдасы мол болды.

Соғыс жылдарының бас кезінде егін шабатын комбайн болмады. Кейінірек ұжымшар екі СК-5 атты комбайн сатып алды. Бұл өзі жүрмейтін, трактормен сүйреп жүріп шабатын. Сүйреуге «колесный» деп аталған, халық – «қашау табан»-деп кеткен трактор пайдаланылды. Комбайнның егін шабатын шалғысынан бастап, бүкіл тетіктерін жүргізетін өз моторы бар, тек егін шабуға трактор сүйреп жүруі керек. Трактор сатып алынбаған алғашқы кезде, бұл комбайында өгіздер мен алдына жегілетін аттардың күшімен сүйрелді. Осы

комбайн мен тракторлар сынып қалса ауылда оларды жөндеп алатын жетік мамандар жоқ. Мұндай қиындық жағдайда «МТС»- деген, оларды жөндейтін орын ауылдан жиырма жеті шақырым алыстықта «Тораңғұл» - деген ауылда болды. Бірденесі сынса болды, үнемі МТС-қа шапқыншы жіберіліп жататын. Комбайн, трактор, машиналарға керек жанар-жапсармайлар да сол «МТС»-тан тартылатын. Оларды өгізбен, арбамен таситын Мұқыш Нарғожаұлы – ақсақал еді. Жасы сол кезде жетпіске келген кісі, бір күн жұмыстан қалмай ұжымшарға зор пайда келтіріп жүрді. Марқұм соғыс біткеннен кейін де, жиырма жылдан астам ғұмыр кешіп, 96 жасында қайтыс болды. Сол кездегі орталық шаруашылығының бейнетін бастан кешіп, ешқандай жақсылығын көрмей дүниеден өткен аталарымыздың бірі. Осындай еңбек ерлерінің аттары аталып, марапатталып, сол кезде де, кейін де ешқандай алғыс сөз естімеді.

Не болса да, бейнетке белшелерінен батып жүріп, соған шыдап, егінді жинап алатын күш сол ақсақалдар, жесір әйел, жетім балалар болды.

Маяланған егін қыс айларында «молотилка» - деген бидай соғатын машинамен соғылады. Маяның жанына қойылады да, тек өз моторымен жұмыс істейді. Маядағы бидайды айырлап салып тұру керек, әрман қарай өзі тартатын өңеші болады, соған тоқтаусыз беріліп тұрса, бидай соғылып жатады.

Соңғы кезде тап осылай, маяның жанында тұрып егін соғатын «СК-5» комбайны болды. Соғылған астық ауылға, қоймаға апарылып төгіледі. Бидай сол қойманың ішінде де тазартылады.

Соғыс жылдарындағы қысқы суық әсіресе желтоқсан, қаңтар, ақпан айларында 40-45 градус болушы еді. Дала жұмысында жүргендердің беттері, мұрындарының ұштары, иектері үсіктен қап-қара болып жүретін. Түкірген түкірік жерге түскенше қатып түсетін, тасада қонып отыратын торғайлар отырған жерінде қатып өлетін, темірлер шарт сынып жататын суықтар болды. Сонда да тіршілік, күнкөріс шаруашылықтары тоқтамайтын.

Қысқы жұмыстың күрделісі мал күтімі. Жаз айларында маяланған шөп далада тұрып қалады да, суық түсе мал баздарының жанына жеткізіліп үйіле бастайды. Бұл жұмыс суықта да, борандарда да тоқтамай атқарылады.

Көп түсетін қардан, жынды борандарда, қар мал қораларын басып, есіктерін бекітіп тастайтын. Үйлердің үстінен де жүріп кетіп, қарды тесіп барып далаға шығатын шатақтар болатын. Қар тазалайтын, сыратын, құрал-жабдықтар, машиналар жоқ, қармен күрес қолдың күшімен, күректің ұшымен атқарылды. Қар даладағы маяларды, шошақтарды басып қалады. Шөпті ашу үшін оның маңайын күрекпен тазалау керек. Шөп мал қораларына шанамен тартылады.

Бітпейтін дала жұмыстарынан қол босамай, жеке меншік иелері де қысқа отын-шөптерін жеткілікті дайындап үлгермейді. Отын-шөптерін қыс бойы көлікпен тасып жүреді.

Қайың, терек, жуан талдар, қалың өскен ормандар ел маңында көп болса да, одан ағаш кесіп алмайды, рұқсат қағазы керек, ал оны алу үшін ақша төлеу керек. Ақша жеке меншікте болмай жатады. Өйткені ұжымшар ақшадай жалақы төлемейді. Осының салдарынан алқа – тоғайларынан тал,

үйсіңкі ағаштары кесіліп әкеліп жағылады. Пешке жаққан талдың жалыны шамалы, ол үйді онша жылыта қоймайды. Сондықтан пешке от күніне екі рет жағылады, бұл да бір әйел.

Талды есіл алқасының ойлы, дөңді, жыралы жерлерінен кесіп сүйреп шығарып, арбаға артып, жолсыз даламен тоғайдан алып шығудың машақаты аз болмайтын. Бір жесір әйел, арбаға өз сиырын жегіп, тал алып келе жатқанда, жолдың қисығына кездесіп, тал артқан арба құлап, аунап кеткенде, жегулі сиыр бірге құлап, өлім халінде жатқанда, бір салт атты ер адам кездесіп әйелді де, сиырын да аман алып қалғаны бар. Осындай тар жол, тайғақ кешулер талай болды.

Егін, шөп шабу шаруашылықтарында шалғыға аяғы кесілген мал, қол-аяқтарына зақым келген адам санын ешкім есептемейтін, тексермейтін. Емдейтін білімді емші жоқ, дәрі де жоқ, халықтың жабайы емін пайдаланып, шыдап, шырылдап жүре беретін.

Қысқы шаруашылықтың тағы бір күрделісі үкіметтің ұжымшарға берген тапсырысын орындау үшін элеваторға бидай апарып тапсыру болатын. Элеватор Қызылжарда. Бидай көлікпен жеткізіледі. Оған жылқы малы, түйелер, өгіз пайдаланылады. Шаналардың үстіне орнатылған ағаш жәшіктермен, қаптарға тиеліп артылатын көліктермен, бір көш көлеміндей – оннан астам шаналар керуені, бидайды қалаға элеваторға апарып жүрді. Өгізбен жүрген жүріс өнеме, бір кеткен керуен оншақты күн шамасында елге зорға оралатын. Өздері азып-тозып, жүдеп, беттері суықтан үсікке шалдығып, киімдері кірлеп, көліктері арып, жүдеп


келетін. Өздеріне жолға қап-қап нан пісіріп, жетерліктей май, сүт қатырып алып, барып қонған жерлерде, жеке үйлерде, өз астарын, әр қайсысы өздері ішетін. Жегін көліктерге жеке бір шанаға жем, шөп тиеліп бірге алынатын. Осы қоректі үнемдеп пайдаланып, шыдап келетін.

Сонда, осы керуенде бидай тартып жүретін қария кісілер, балалары жоқ, күйеулері әскерге кеткен жесір әйелдер, ересек балалар болды. Қыстың сықырлаған аязында, борандарда, кейбіреулерінің үстерінде жылы киімдері де жоқ шанада, бидайдың үстінде отыруға тоңып, шыдамай, көбіне көлікпен қатарласа жаяу жүретін. Жолшыбай тоқтап, қонып шығатын үйлері де жылы, жәйлі бола бермейтін. Астына төсеніші өздерімен бірге алып жүрілсе, үстеріне сырт киімдерін жамылып жата қалатын жолаушылық, қиын да, қатерлі сапарлар еді. Сол кезде мұндай жанкешті еңбекті ешкім бағаламады, кейін де оны еске алып жатқан кісі жоқ.


Қызылжар қаласына бірнеше рет осындай қиын сапарлар атқарылып, берілген тапсырма орындалып болғанша жалғасатын. Бұл сапарлар Қызылжар қаласымен арақашықтығы екі жүз шақырым ауыл аралығында қыс бойы жаяу жүрумен тең қиындық еді.

Осы жолдан ауырып келіп жатып қалатындары, қиындыққа шыдай алмай жолда қалып қоятындары да болған.

Соғысқа қатынасқан ер азаматтар немістер мемлекетінің астанасы Берлинге жаяу бардық деп жол сапарларын айтып жатқанда, менің ойыма, соғыс болған бес жылдың ішінде, ауыл қиындығында, ауылда болған тіршілік арқасында күн кешкен ақсақалдар мен әйелдердің жүрген жолдары, осы




Өгізбен, сиырмен тартылатын жер жыртатын екі тілді соқа




Өгіздермен сүйретілген соқамен жерді жырту кезі




Осылай қолмен бидай себiлдi




Соғыс жылдарындағы трактор




Бидай тазалайтын қолмен айналдыратын "Веелка" атты құрал




“Лабагрейка” атты егінді шабатын құрал-машина



Егін шабатын құралдың бір түрі




Шабылған егіннің сабағын көпенеге жинау үшін пайдаланған сүйретпе - “волакуша”



Соғылған бидайды жауынды кезде кептіруге пайдаланылған қолдан жасалатын пеш



Бидайды ұнға үгетін жел діірмен



Атпен тартылатын шөп шабатын машина



Атпен, түйемен тартылатын шабылған шөпті жинайтын тырнауыш



Темір соғатын ұста Қоспан Нүрпейісұлы, шөп шауып жүрген кезі



Осындай керуен көліктермен элеваторға бидай тартылған

жолдың қашықтығынан кем емес-ау деп бағалаймын. Тек оны кім өлшеді, кім онымен есептесті, кім оны бағалады? Аңғары аталмаған ер-әйелдер, еңбектері еш уақытта бағасын алмамай дүниеден өткен азаматтар еді, олар.

Қысқы шаруашылықтың ең ауыр жүйесі қыстан қолда бар малды аман алып шығу. Бұл қай уақытта болса да қиын да, күрделі, ұқыптылықты керек ететін жұмыс.

Ұжымшардың аса қажетті байлығы мал. Қолда бар әжептәуір жылқы, қара мал, қойларды қоңын жұқартпай, күтімде, таза ұстау, олардан жоспарлы төл алу ісін ұқыпты атқаруға қол күшінің, жұмысшылар санының жетіспеуі ауыр тиетін. Мал бағуда жүрген ерлер мен әйелдер сол қиындықтарға төзіп, демалыс дегенді білмей, күні-түні еңбек етті. Түйе малының бағылуы жеңілірек. Қора жылы болса болды. Жылқы қыс бойы далада, тебінде болатын мал ғой. Десекте, оларды да ұқыптылықпен бағып, құлындайтын биелерді уақытында қораға алып, даладағыларын қасқырдың қастығынан сақтап қалу күрделі жұмыс. Міне бұл істі де ақсақал аталарымыз, апаларымыз нәтижелі атқарды.

Осы кісілердің еңбектерінің арқасында мал басы кемімеді, көбейе берді.

Ұжымшарда атқарылған осы жұмыстардың бәрі ақысыз-пұлсыз атқарылды. «Еңбек күн» (трудодень) деп аталатын бір елесті көрсеткіш болды. Жылдың аяғында әркімнің «еңбек күні» есептеледі, қорытындыланады. Сол еңбеккүнге граммдап шағылып бидай, жем-шөп беріледі. Міне сонымен жыл бойы төккен тердің, көрген қиындықтардың құны бітеді. Шіркін, қадірі болмаған, бағасы жоқ, құнсыз еңбек-ай, дейміз. Мысалы, бір жұмыскер жылына үш мың

«еңбек күн» тапса, әр еңбек күніне 200 г бидай берілсе, алты центнер бидай келеді екен. Сонда, міне бұл бір жылғы табысы. Бұл қай жыртығын жамауға жетеді. Бұдан артық қандай тіршілік қиындығы болады. Осы қиындықтан халық соғыс жылдары да, соғыстан кейінгі біраз жылдарға дейін де арыла алмады. Халықтың сенгені де, сүйенері де, қолда бар малы болды. Ұқыпты, қолы берскелі апа-жеңгелеріміз, әжелеріміз сиырдың сүтінен май жинап қысқа сақтайтын. Құрт, ірімшік қайнатып, кептіріп, жәшіктерге салып қоятын. Қыс мезгілінде суалып кететін сиырлар қашан бұзаулап, сүтке ауызымыз жетеді – деп, бала да үлкен де зарыға күтетін. Бір ғажабы, сол кездегі халық бір-бірімен өте тату, бір-бірінің қасіретіне өте ұқыпты, қамқор болды. Біріне-бірінің жаны ашып тұратын. Бір үйдің сиыры бұрын бұзаулап, сүті болса, көршілер шайға құятын сүтті сол үйден сұрап әкелетін. Бір үзім нандарын бөлісіп жеді, бір қайнатым шайына дейін бөлісетін. Осындай татулықтың, бір-біріне көмектерінің арқасында соғыстың қиыншылықтарын жеңген ел еш уақытта кемдік көруге тиісті емес. Тату, ынтымақты халықты ешқандай жау, қасірет жеңе алмайды.

Осындай тұрмыс-тіршілікте соғыс жылдары ғұмыр кешкен абзал жандардың қазір арамызда барларының саны шамалы. Соғыс уақытында жұмысқа қатынасқан он жастағы бала қазір жетпіс бестен жасы асты. Бұлардың да еңбегі тиісті бағасын әлі күнге ала алмай келеді. Адам өмірі шектеулі екенін ойласақ, бұлар да еңбектеріміз тиісті бағасын ала алмай, осылай қалар ма екен – деген ойда жүретіні белгілі.

V. ҚОЛ ӨНЕРІНІҢ ҚҰДІРЕТІ

Қазақ халқының қолөнері ертеден дамыған, уақыт озған сайын жетіле берген, әсемдік сәнділігі жағынан басқа ұлттардың қолөнер туындыларынан кем түспейтін, көпшілік салаларында асып түсетін дарындылықтың үлгісі. Ел іші терек қазған сайын өнері, қазынасы шыға беретін кен іші – деп тегін айтылмаған. Осы сөздің шындығына өткен соғыс жылдары көзіміз әбден жетті. Шеттен келер жөні жоқ, қалтаға сенер қоры жоқ жеке шаруа, соғыс жылдары қалай күн көріп, қалай шаруашылығын атқарды, қалай киім-тамақ тапты, бала асырап, оқытып тіршілік талаптарын атқарды-деп, таңдануға, таңырқауға болады.

Енді ойлап, сол кездегі ел тіршілігін көз алдына әкелсең, ата-әжелеріміз, аға-жеңгелеріміз неткен іскер, төзімді, ынталы, ұйымшыл, ойшыл болғанын білеміз. Ауылда іскер ұстаалар, шеберлер көп болды. Сонда бәрі бір түрлі іспен айналыспай, әрқайсысы әр түрлі қол өнерімен шұғылданады.

Қозыбақ әулетінен Кәли деген ақсақал өз үйінің жанында темір соғатын «іс үй» ашып, өз шаруашылығына, бүкіл елге темір саймандарын жасап, сынғандарын түзетіп-жөндеп беріп жүрді. Көрікпен үрлеп жанған оттын жанында, киген қойлегімен жеңсіз терге малшынып жүретін.

Ауылдың ортасында ұжымшар үшін салынған үлкен «іс үйде» Нұрпейісов Қоспан, Оспанұлы Нөкен аталарымыз соғыс жылдары, бертін ұжымшар кеңшардың бөлімшесі болып аталғанша темір соқты, ауылдың, ұжымшардың бүкіл темір жұмыстарын атқаратын. Ат тағаларын, көсеу, күрек

жасаудан бастап, үлкен машиналардың сынған темірлерін бір-біріне қайнатып, қосып беретін.

Қанғожаұлы Нұрмұқан деген атамыз күшті ағаш шебері болды. Неге екенін білмейміз, елге, төңірекке Дорба – атымен белгілі болған кісі. Ат жегетін жайма шаналарын, бастықтар мінетін жеңіл кәшәуә шаналарын жасағанда, бүкіл манайда ол кісінің қолынан шыққан туындылардың теңдесі жоқ, әдемі, сәнді, жеңіл болатын. Дорекен асыра сілтеп, мақтаншақтау сөйлейтін кісі еді, өзі де: «Менің шаналарым өзі жүреді» - дейтін.

Дәулетұлы Мұқыш атамыз Есіл жағасындағы тоғайлардан жіңішке, әдемі, түзу, жіптей, бұралуға келетін талдарды тандап, алып келіп, солардан арбаға салатын неше түрлі, сәнді, жеңіл, қораптар тоқып шығаратын. Арба бойындай ұзын қораптардың түр түрін, әдемі жеңіл арбаға салып бастықтар мінетін шалқайма, алдында ат айдаушы отыратын орын жасалған қораптар жасайтын. Ондай қораптарға алыстан келіп, әдейі тапсырма беріп жасатып әкететіндер көп болатын.

Өтетлеуов Қажымұрат ақсақал, ел «шақар шал» атымен тым жақын білетін, ақ сақал- мұртты, денелі кісі, қолынан алуан түрлі іс келетін, өте шебер еді. Шананың табандарын иіп кептіретін құралдары болатын да, соларда иілген табандық ағаштар, саспай, көлеңке жерде, бабымен кепкенше жататын. Әдемі иілген табандардан өзі де жайма ат шаналарын жасайтын, басқа кісілерге де төлем ақысына жасап беретін. Қажекен, көз тартатын сәнді, биік доғалар иіп, дайындап, елді ат жегілетін доғалармен қамтамасыз ететін. Бұл кісінің қолынан шыққан доғалар жақын ауылдарда, аудан

өзінше екенін көретін едік. Арнайы іздеп келіп калап әкететін. Тағы бір ерекше өнері, Қажекен күмістен неше түрлі бұйымдар соғатын, таңдаулы шебер болды. Сакина, сырға, білезік, түйреуіш, тағы басқа зергерлік бұйымдар істейтін. Қажекен жасап шығарды – деп, біріне-бірі көрсетіп жүретін күміс дүниеліктер көп болушы еді.

Осы кісі сияқты, ерекше шебер, зергердің бірегейі Рыснаев Әйіп деген, қара мұртты, бойшаң, ашаң өңді, сәнді киініп жүретін атамыз болды. Бұл кісі күмістен де, алтыннан да зергерлік заттар жасап шығаратын және жасаған дүниеліктері әсем, көз тартатын сәнді болатын.

Жалпы ауылда осы кісілер сияқты шеберлер көп болды. Арба, шаналарды еш жерден сағып алмай, ауылда жасап шығаратын.

Шанаға өгіз жегу үшін жармасын (қамытын) ағаштан ауыл шеберлері өздері жасайтын. Дара өгізге, қатар жегілетін өгіздерге арналған жармалар орталық қоймасында жетіп жататын.

Ат қамыттары да ауылда, қолдан жасалды. Жалпы ат жегетін әбзел, саймандардың бәрі ауыл шеберлерінің қолдарынан шықты. Шашақты шілия, өрме божы, қамшы, күмістеген нокта, ер тұрмандар бәрі көз қызығатын, әдемі болушы еді.

Қамшыны 8-14-18-32-48 таспа етіп өрушілер болды. Шынашақтың толықтығынан бастап, үш саусақтың қосқаңдағы жуандығындай – драу қамшы өретін шеберлер болды. Қамшының өрімінің арасына жіңішке қорғасын шыбығын қосып өрген салт қамшы, соғыс құралы да болған екен. Сабы қызыл тобылғы ағашынан жасалған қамшылар

әдемі – сәнді болушы еді. Қамшының 3-4 метр ұзындарын мал бағатын кісілер ұстайтын.

Күмістелген, былғарымен қапталған құс маңдай, жылқы бас маңдай, жалпақ ай маңдай ерлер де ауыл шеберлерінің қолымен жасалатын.

Ауылда етіктердің түр-түрін тігетін етікші шеберлер көп болды. Биік өкше әйелдер киетін етіктер, сәнді кебістер тігетін. Ерлер киетін жазғы етіктердің неше түрлісі тігілетін. Байпақпен киетін, бүкір қойыш қысқы етіктерден аяқ тоңбайтын. Бүкір қойыш етіктер атқа салт мініп жүретін кісілерге, әсіресе аңшыларға, жылқышыларға таптырмайтын аяқ киім еді. Қазіргі жастар ондай етіктерді енді үлкендердің айтуынан ғана білетін болды. Соғыс жылдары етік тігетін былғары да қолдан жасалды. Қара малдың терісін қолдан илейді, өздері бояды. Бояуды да үйеңкінің қабығын қайнатып, не басқа әдістермен қолдан жасайтын. Қой терісін қолдан илеп, тон, тұлып тігетін. Үнемі дала жұмысында жүретін кісілерге тері тон, тері шалбар баламасы жоқ, өте жылы киімдер болды.

Соғыста жүрген жауынгерлерге барлық елдерден жылы киімдер жиналатын. Әрбір үйлерден биәләй, носки, күрте, малақай, жылы желетке сияқты дүниеліктер қолдан тігіліп, жәшік-жәшік жиналып жіберілетін. Бұл бір-ақ рет атқарылатын көмек емес, жүйелі іс болатын.

Сонда ауыл адамдарының өздерінің киер киімі жұтаң, барымен базарлап, жақсы, жылы киімге көбінің қолы жете бермейтін, қолдарына түскенін киетін. Қала базары арқылы елге жететін әскерлердің бәтеңкесі, жылы бушлаттар, жеңсіз, жауыннан қорғанатын плащтары қолға тисе ауыл

адамдарының да үстері бүтінделіп қалатын. Қолы шебер
ана, әжелеріміздің арқасында жоқтан бар етіп, киімдер
тігіліп, ескілер жамалып киілетін. Бір үйде бір қос пима
болса, табаны қайта-қайта табандалып кезекпен киілетін.
Табандауға кәдімгі, үйге төселетін киізден кесіліп алынып,
екі қабаттап тігіліп салынатын. Жоқшылық не істетпейді,
қалай да амалын тауып, қиындықтан шығып жатады.

Қол шеберлігінен туындаған дүниеліктердің аздаған
пайдасын іскерлердің өздері көретін. Кесек түсімдері
болмаса да, сатылатын бұйымдарынан шамалы түсімдері
болатын. Шеберлердің көпшілігі ауыл адамдарының нашар
тұрмыстыларына көмектерін тегін атқаратын.

Соғыс жылдары, жетіспейтін дүниелер, керек заттар
тапшылығынан көрген қиындықтар көп болды. Іс тігетін апа-
жеңгелерімізге өздеріне болсын, балаларына болсын,
койлек-көншек тігіп берулеріне мата бола бермеді, бар бол-
са, оны тігетін машина жібі де табыла қоймайды. Суыртпақ
жіп жасап, қолдан ширатып алуға матаның жыртысын бірінен
бірі сұрап алатынын көрдік. Етік, бәтенкелердің жұлық-
тарын жамауға қара былғары табыла қоймайды. Қораның
қақпасының сынғанын бітеуге тақтай табылмайды. Оны
шегелейтін шегені де іздеп жүреді, болмаса ұста үйінде
қолдан жасалады. Бірдемені бояп, түзеуге бояу табу қиын.
Кір жуатын сабын болмай жатады. Жоқшылық, қажеттілік
оперпаз да, білімпаз да етеді екен. Жоқ нәрсенің талай
баламаларын қолдан жасап алатын. Кір жууға таптырмайтын
қара сабынды әжелеріміз, апаларымыз қолдан жасап алуды
нгерді. «Ала бота»- деп аталатын, бойы биік өсетін, көк құрай
осімдік ел маңында, мал қораларының маңында көп болатын.

Соны шабады, жайып тастап, кептіреді, оны өртеп жағады, сөйтіп күлін алады. Қыстан жиналған сүйектерді қазанға қайнатып, майын шығарып сүзіп алады. Сол қазанға маймен, аздаған су қосып, алаботаның күлін салып қайнатады. Оған қайың ағаш күлінің сірке суынан аздап қосады. Осы қосындылар бірталай уақыт қайнаған соң қойылады. Артынан, ешкі жүнінің қылшығын салып, былғап байландырады. Есте қалған осындай әрекеттерден туындаған дүниелік «қара сабын» болады. Оны салқындағаннан кейін шаруашылыққа пайдалануға икемді етіп, үлкен қылмай, жұмырдықтай-жұмырдықтай домдап домалатып қатырады. Міне осы қара сабынның бұрқырап көпіруі қазіргі сабындардан кем болмайтын. Одан, жас баланың жұдырығындай көлемде домдалған сабынды көрші-қоландарына, жақындарына сыйлайтын. Оны неге екені белгісіз «бұзаушық» дейтін. Сабын жасаған үйден ел, «ей, сен бізге де «бұзаушық» берсейші», - деп сұрап алып жүретін. Бұл сабын тер сіңген, май тиген киімді жууға теңдесі жоқ тазартқыш болатын.

Қара сабынды қайнату өнерінің қыр-сырын білетін әжелер маңайларына басқа кісілердің жақындағанын ұнатпайтын. Балаларды да қуып жуытпайтын. Сонда айтар себептері, көз тиеді, сырт көздің әсерінен сабын айнып кетеді, болмай қалады, дегенді айтады екен.

Соғыстың зардабынан тылдағы ел тамақ тапшылығының да қасіретін бастан кешті. Негізгі қорек нан болса, бидай, ұн қоры жетіспеуінен көпшілік үйлерде жазға қарай тоя жейтін нан болмайтын. Жалпы, барлық елдердің жағдайы осындай болды. Бидайдың қымбатшылығынан төрт-бес қап

бидайға бір сиырларын сататын. Жаз шығып, жер кебер-кеппес мезгілінде әр үй бала-шағасымен далаға шығып, өткен жылы егін еккен, бидай өскен дәліздерден бидайдың түсіп қалған басын - масағын жиятын. Шәшіліп түскен бидай болса қуана-қуана жинап, балшықтан тазартып алатын. Күні бойы жинаған масақты үйге әкеліп қауызынан, балшығынан арылттып тазалап кептіріп, қол диірменге үгіп, ұн қылатын. Осындай ауыр азаппен тіршілік сақтау барлық ауылдарда, әр үйдің басында болды. Жаз айларында, ауылда, әр үйдің ауласында қазан қайнап жататын бір әбігершілік көрініс болатын. Жиналған айран қорынан құрт деген тамаша тағам қайнатылады. Құрт, ащы құрт, тұщы, не сықпа құрт аталып екі түрлі дайындалады. Ащы құрт қайнап дайын болған соң, таза кенеп қапқа салынып, биіктеу ашаның басына асылып, көлеңке жерде бір-екі күн тұрады. Ол суы ағып, әбден құрғап, қапта қоюы қалуы үшін қажет. Одан кейін үлкен ағаш қасықтың басындай, не сереңке қорабынан үлкенірек көлемде омырып-омырып үлкен шидің үстіне, биік сөреге жайып кептіреді. Мысық, ит шыға алмайтын, кісі бойындай биіктікте бірнеше күн, далада, шошаланың ішінде көлеңкеде кебеді. Бұл ата-бабаларымыз жасаған жаугершілік заманында ат үстінде жүргенде де тамақ болған сүттің нәрі. Ұзақ сапарда жүргенде катып қалмас үшін аттың жалының астына байлап сақтаған екен ғой. Жалпы, қыс айларында өте қажетті қорек. Ащы құртты еттің майлы сорпасына салып, ерітіп ішеді. Ерігеннен қалған бармақ басындай қалдықтарын малта – деп ағайды. Малтасын ауызға салып жүріп сорып жегенде, ауызыңнан сілекейің ағып, рахаттанып дәмін аласың. Семіз ет жеп, құрт езген сорпа ішкен жылқышылар, далада,

ақ қардың үстінде аунап жатқанда тоңбайтын. Ешқандай оқу – білімді керек етпейтін, бір көрсең үйреніп алатын, осы құрт дайындау қазір ұмытылып барады. Бұл қателікті түзейтін мүмкіншілік мол. Құрт қазақ дастарханының тағамы болып сақталуы керек-ақ.

Тұщы құрт та, айранның іркіліп жиналған қалдығынан қайнатылады. Бұған керек айранды көп жиып, көп сақтаудың қажеті жоқ. 2-3 шелек көлемінде айран жиналса жетіп жатыр. Соны қазанда қайнату керек, суы бумен ұшып қойылған кезде, оттан алып салқындатады. Дайын, салқындаған құртты қолмен сығып, пелменді жайғандай ыдыстарға салып- салып, артынан ащы құрт сияқты. шидің үстіне жайып биік сөреде кептіреді. Бұл да тамаша тағам. Қыс айларында шәй ішуге өте қажетті, таптырмайтын ас.

Ауылдың әрбір үйі жаз айларында сары ірімшік қайнатып, кептіріп алады. Күнделік ақ ірімшік. дастарханның шартты тағамы болатын. Қаймаққа былғанған ақ ірімшік, тәттілігімен, тамақтылық нәрімен баламасы жоқ қорек болатын.

Соғыс жылдарында ауылдарда кәмпит. қапт тауып жеу селдір болатын. Көпшілік үйлерде бұлар әсте болмайтын. Қонаққа шақырыста, апаларымыз бір үйде қолына қапт, кәмпит тисе өздері жемей, үйіне апарып балаларына беретін. Соған дағдыланған балалар апалардың, әжелердің қалталарын қарайтын. Тәттінің тапшылығының орынын толтырудың да әдісін тауып, әжелеріміз қаймағы алынбаған сүтті қайнатып-қайнатып, әбден қойылтып алғанда қазіргі «ирис» кәмпиті тектес, дәл сондай қоңыр түсті, тәтті тағам болады. Осы қайнатылған дәмді, тәтті тағамды шәй қасықтың басындай домдап жеке-жеке кептіреді. Әбден

кенкен кезде, ауызға салып сорып жүретін кәмпит тектес баламалы тағам болып шығады. Ауылда осы тағамды «тәтәкә» -деп атайтын.

Жалпы әйелдердің арасында да қолдарынан іс келмейтін, тамақ дайындауға шалағай, инемен жұмыс істей алмайтындары болды. Ондайлар қазір де бар. Міне сондай үйде, бар нәрсе іске аспай, балаларына тағам дайындап бере алмайтындарды көрдік. Әсіресе қысқы, суықтарда жұқа, жыртық биалай, табаны тесік пима, малақайларының бауы жоқ, тоңып, мұрындарынан сорасы ағып, жеңімен сүртіп тастап жүретін бабалар болды. Шапандарының түймесі дұрыс қадалмай, жіңішке талдан екі елі көлемде кесіп алып түйме орнына сыммен бұрап бекітіп жүретін кісілерді көретін едік. Әйелдердің өздерінің де көйлектері тігіс бойымен сөгіліп, інісшегі үзілген шапанын жерге тастай салатын, түймесін дұрыс қадай алмайтындары бар ғой. Осындай парықсыз адамдардың үйлерінің іші де таза жиналып тұрмайды.

Қолы шебер апа-әжелеріміз тыныш отыра алмай, ұршықпен жүн иіріп, биалай, шұлық тоқып, алашаға жіп дайындап, бояп, жаздың жылы күндері далада жіп керіп, алаша тоқитын. Қой жүндерін түтіп, жұмсартып, бояп, әйелдерді жинап алып киіз басатын. Алақанның аумағындай маталардың қиығын тастамай жинап, құрақ құрап, үлкенді-кішілі төр көрпелер жасап, төрін жайнатып қоятын. Аттын жал, құрықтарының қылынан жуандығы құнан қойдың жілігіндей етіп, ұзындығы 25-30 метрдей қыл арқан бұралатын. Бұл нағыз шыдамды, отын-шөп тартуға найдаланылатын мықты бұрау арқан болушы еді.

Осы жұмыстардың бәрі таңның атуынан күн батқанға

дейін атқарылатын тынымсыз еңбек. Жылдың төрт мезгілінде бір күн дем алу деген жоқ, сенбі-жексенбі дегенді білмейтін, жұмыстан қол үзілмейтін тіршілік. Үлкенге де, кішіге де, малға да, жанға да табылып жататын жұмыс. Сенерің, сүйенерің жоқ, шаңырақ иелерінің бәрі соғыста, тіршілік көзі тек еңбекте. Шешесі көтере алмай жатқан ағаштың басын көтеруге қаршадай бала жүгіріп барып көмектеседі. Буыны қатпаған жас қыз бала шешесін аяп үйге су тасып қояды, пешке от жағып, күлін шығаруға көмектеседі, еденді сүртеді. Соғыс уақытындағы балаларда, балалық бал дәурен деген болмады. Ойнайтын ойыншық та жоқ, ойнауға уақыт та болмайтын. Шаңғы, ит шана деген дүниеліктер қолдан жасалып, жоқтан бар ғып пайдаланылатын. Коньки қолға тисе, пимаға, не егікке қайыспен, жіппен байланып тебілетін. Кішкентай доптың жоқтығынан, допты хоккей сияқты ойынды, кәдімгі қатқан жылқы боғын доп орнына пайдаланып оны балалар «бок таяк» - деп атаған. Қыз балалар үйден шықпайтын, шықса шанамен тек сырғанақ тебетін.

Бес жыл соғыс бойы ауылдың тыныс тіршілігі осындай күн көрістің қамы болды. Уақытымен сапалы тамақты тойып ішпеден, суыққа шалдығудан, ауыр жұмыстың салдарынан, күнде туындап жататын қайғы-қасіреттен жүйке жұқарып ауыратындар көп болатын, соның әсерінен мезгілсіз қазаға ұшырау да жиі болатын. Ауылда оларды көретін көмек беретін емші жоқ, дәрі алатын орын да, оны сатып алатын халықта ақша да жоқ. Осындай тіршілік, соғыстағы айқастан несі жақсы. Бұл да, оқтан емес, тылда күн сайын шеккен қиындық қасіреттен біртіндеп, баяулап жан беру болды.

Десек те, тыл тағдыры алдыңғы шептегі соғыс қырғынының көлеңкесінде қалатын. Барлық халықтың ойы, назары, тілегі соғыстағы арыстардың амандығы болатын да, өздерін солардың құрбандығындай сезінетін. Сондықтан, жауды жеңу үшін, жеңіс күнін жақындату үшін, жан аямай еңбек ететін.



VI. АРУЛАР КЕШКЕН ӨМІР АЗАБЫ

Соғыс адамзатының ойлап тапқан жауыздығының, айуандығының шектен шыққан түрі. Аяусыз, арсыз, зұлымдықпен қыру, жою, өртеу, күйрету, соғыстың мақсаты. Соғысты бастау үшін ойлап табылатын себептердің қандайы болмасын, ақыл-ойы, миы, адамгершілік санасы сау адамнан шықпайды.

Ал енді осы соғыстың зардабын бастан кешіп жатқан ел арасынан, халық арасынан шығатын жауыздар болатынына не дерсің. Шашылып иесіз қалған дүние-мүліктен, қорғаны жоқ, панасыз қалған сорлылардан, қара басының қамы үшін, өз басының мүддесі үшін, пайда, не бір мақсаттарға жетіп қалуға, арын айырбастайтындар табылып жатады. Қырғын соғыстың жүріп жатқан жерінде ондай қылықтар, пейілдер, қисапсыз болатыны белгілі.

Соғыстан алыста, тылда, әр елде, әр қалада болған әлгіндей айуандық әрекеттер арсыздық қылықтар, жауыздық істер де аз болмады. «Пайдалана білсек, ел қолда қалды ғой» - деп, пасық пиғылдарын ашық айтқандар да болды.

Халықтың қамын, ел амандығын ойлаған, үлкенді сыйлап, қорғансызға аяушылық ететін, 1930-1934 жылдар арасындағы үлкен аштық та, елді қырғын өлімнен сақтап қалған, ағалар соғысқа жаппай алынғанда, елде «соғысқа жарамсыз»- деп табылған үлкендер, ретін тауып, «бронь» - деген қорған-қалқан қағаз түсіріп алған қамқоршысы барлар, денесінде кісі өле қоймайтын кемшіліктері барлар елде қалды ғой. Енді осылардың арасынан пысықтары шығып, ел басқарды, басқарма болды, бригадирлер табылды, орталық

мүлкіне иелер шықты, ұжымшардың мал-мүлкі солардың иелігіне тиді. Соның арқасында бұлар киім жетіспеудің не екенін білмеді, тамақтың тапшылығын көрмеді. Даладан ондайдың масағын тергендерге, сиыр қашан бұзаулап сүтке жаримыз деп күтіп жүргендерге миығынан қарады. Ет, ұнды олар біріне-бірі үйлеріне әкеліп тастайтын. Сондықтан олардың күлкісі тұзу, беттері шикандай қызыл болды. Өйтпегенде ше, күнде арақ, күнде қонақ. Мейманасы тасыған, бәрі жетіп жатқан мұнсыз адам, бара-бара Алланы да, иманды да ұмытады екен. Олар үшін бір үйде аш отырған жетім балаға мол дастарханынан ас бөліп беруден, итіне семіз жілікті етімен тастағаны дәреже болатын. Осындай жағдай сол кезде барлық ауылдарда болды. Көрші ауылдың бір басқармасының әйелі әбден мейманасы тасығаннан, артық тамағын «ауыл адамдарына бергенше көшедегі иттерге тастағаным артық» - деген сөзі ел арасына тараған.

Ішкені арақ, жегені майлы ет, көңілі тасыған өзендей болып жүрген адамның ойына не келмейді. «Қазақ байыса қатын алады» - деген мақал өмірден алынған ғой, сол кездегі басқармалар екі-үш әйел алуды шығарды. Есілдің шығыс жақ бетіндегі ауылдардың басқармалары екі-үш әйелден алса, батыс жақ беттегі ауылдардың басқармалары алты әйелге дейін алмастырыпты – деген сөздер шындық болыпты. Ерлері соғыста, жесір жүрген жас әйелдер басқарма, бригадирлердің сөзін тыңдамауға амалдары болмаған, қорыққан, лажсыздан көнген. Ол жылдардағы «шолақ белсенділер», жесір әйел, жетім бала, қорғансыз үлкендерге қожа болды, айтқандарын істетті. Қарсы келгендерге қол жұмсауға дейін баратын. Әйелдерді арба-шаналарына

отырғызып алып кету үйреншікті істері болған. Қорғансыз сорлылар осы зорлыққа лажсыздан көнген. «Күштінің үрлеген желі диірмен тартады» - деген сияқты, соғыс уақытындағы күштілер ойына келгенін орындап жүрді.

Күйеуі 1942 жылдың басында соғысқа алынып, сол жылдың аяғында соғыста қайтыс болғандығы туралы «кара қағаз» келген Зәуреш деген жас келіншек (аты өзгертілді) күні-түні жылаумен, туған анасындай сыйласқан кәрі қайын енесінен өмірлік ажыраспаққа антын беріп, бірге тұрып, ұжымшарда жұмысын атқарып жүргенде, көрші елде бригадир болып істейтін 20 жастағы Зәурештің әкесіндей, кара мұртты зор денелі кісі, қайта-қайта келіп, азғырып, сыйлық киімдер әкеліп, ақыры жас келіншек көнбеген соң, ауданнан да кісілер әкеліп қорқытып-үркітіп екінші әйелдікке әкеткені есте. Қорғаны жоқ жесір, жетім келіншек, кәрі кемпір не істесін, жылай-жылай айырылысты.

Бұл сол кездегі жетімдердің көрген қорлығының бірі болса, мұндай жағдайлар әр елде сан-талайы болды.

Күйеулері соғыста қайтыс болған, баласы жоқ жас әйелдер үйреніп қалған, сіңісіп кеткен, келіншек болып оң жаққа түскен үйінен жылай-жылай кетіп жатты. Соғыс біткенше, одан кейін де, бірнеше жылдар, хабарсыз кеткен ерін күткен әйелдер, жас өмірлерін зая өткізбей, өмірден бір жақсылық көру үмітімен де кетіп жатқаны болды. Бауырында ағамыздан бала қалмаған бір жеңгеміз, жастай қосылған жолдасын соғыстан күтумен шаршап, жаны күйзеліп, ақыры өзінен жасы көп үлкен кісіге қосылмақшы болып, үйден кеткенде, көз жасы көл болып жылағаны, өзіміз де бүкіл туыстар болып өксігеніміз көз алдымда.

Ағамыздан бір айырылып қасірет шексек, үйдің туған жанындай болып кеткен сүйікті адамнан айырылу, құлазыған үйде қалумен тең еді. Осындай жағдай талай отбасында болды.

Бауырында баласы бар әйелдер, тағдырдың жазуы осы деп, мойын ұсынып, көніп, өмірдің ұзақ қиындықтарын бастан кешіп, балаларын өсіріп, оқытып, ер жеткізіп, солардан ұрпақ көріп, қара шаңырағын сақтауға бел байлап, сол тілекпен өмірлерін жалғастырды. «Орыны бар оналады»- дегендей, көпшілік соғыс жесірлерінің Алладан тілеген армандары орындалып, балалары үлкен-үлкен азаматтар болып өсіп, солардан ұрпақ көріп, жұбанышқа толы ғұмыр кешті.

Жұбайы ертерек қазаға ұшыраған Салиқа анамыздың бауырында екі ұл бала, бір қыз қалған.

«Шешесі бар жетім ерке жетім»- дегендей, жатып ұйқы, жүріп күлкі көрмей, тірнектеп тапқан табысын соларды өсіріп өркендетуге жұмсап, өмірдің ащы сынақтарына төзіп, тек Алланың қамқорының арқасында ер жеткізді. Бірақ, өскен балаларының рахатын көре алмады. Қатар жүріп қолын жеңіл істерден босатуға жарап қалған қызы – Қайрия он төрт жасқа толып, өрімдей өсіп қалған шағында қайтыс болды. Үлкен ұлы – Сәтібек міндетті әскерлігін өтеуге алынып, әскер қатарында жүргенде соғыс басталып, соғыстың алғы шебінде қазаға ұшырады. Соғыс басталғанда жасы сегізге жаңа толған екінші ұлы Батырды (аты өзгертілді) балапандай мәпелеп, жоқшылық көрсетпей, қол өнерімен табыс тауып, соғыс жылдарындағы ауыртпалықтарды көптің бірі болып, жылап жүріп күн кешіп, тәрбиеледі, өсірді, оқытты, жоғары

дәрежелі білімі е қолын жеткізді. Ақыры Алладан тілеген тілектері қабыл болып, үйлендірді. Осы баласының, және әке-шешелерінің ұлағатты тәрбиесін көрген келіні Сақыптың қолында он бес жыл тұмыр кешіп, өмірінің соңғы кезеңі жан рахатында, тұрмыс тіршіліктен кемдік көрмей, ораза-намазын атқарып, Аллаға деген тәубесінен жаңылмай, ауырып сары төсек болып жатып қалмай, қартайған шағында дүниеден өтті.

Соғыстың ауыр қасіретін бастарынан кешірген жесір әйелдердің біразы балаларын өсіріп, оқытып, ер жеткізіп, үйлендіріп, солардан немере сүйіп, өмірлерінің соңғы жылдарында тұрмыс-тіршіліктің жақсылығын көріп бақи дүниеге өтті. Орындары жаннат болсын, мәңгілік бақи дүниесінің жақсылығын көрсін.

Бірталай майдангерлердің жесірлері тағдырдың шешімінен аса алмай, өсіріп отырған баласының азамат болғанын көру бұйырмай, көз жұмды. Артта қалған балалары туған-туыстарын паналап ержетті, сол кездегі қоғамның қамқорлығының арқасында тегін білім алды, қызмет атқарды, өмірлік жұбайларын тауып, балалы-шағалы болды. Енді қазір солардан үшінші ұрпақ өсіп жатыр. Ұрпақ жалғасы барына тәуба дейміз.

Ережепұлы Ғайса соғысқа кеткенде, жұбайы Мәруәрдің бауырында Рәш, Күләш, Рахила атты балалары қалған еді. Тұрмыстың ауыртпалығынан ауыр науқасқа шалдығып, Мәруәр 29 жасында қайтыс болды. Артында қалған балалары нағашыларының қолында тәрбиеленіп ер жетті, оқып жоғары дәрежелі білім алды, тұрмыс құрды, балалы-шағалы болды. Жан жолдасын соғысқа аттандырып, оң мен түстей ғана

болған тұрмыс рахатынан қол үзіп қалғанда, ажалдың ғырнағына ілігіп ұрпақ қызығын көре алмай дүниеден өту қандай ауыр қасірет.

Қабиев Ескен деген азаматтың әкесі – Қаби соғыста қаза болды, анасы ауыр науқастан елде қайтыс болды. Одан кейін әжесінің бауырында болып, ол кісі де қайтқаннан кейін, туысқандарының қамқорында жетімдік қиындықтарына төзіп ақылды, орнықты азамат болып өсті. Жоғары білім алды, мектептерде балаларға сабақ берді. Өмірлік жолдасын тауып үйленді. Жұбайы Әйміш екеуінен Ерден, Ержан, Нұржан, Руслан атты төрт ұл екі қыз өрбіді. Осы балалардың азамат болып өскенін көре алмай дүниеден өткен ата-әжелерінің көкірегінде қандай арман-ойлар кетті екен. Осы айтылған өмір шындықтарының бәрі соғыстың зардабынан туындаған жағдайлар.

Соғыстың зардабы тимеген адами өмірдің, тұрмыс-тіршіліктің парасы қалмады. Күнкөрістің қиыншылықтарының қыспақтарынан қалайда шығудың жолын іздеуден, кейде адами санаға сия бермейтін қадамдарға баруға мәжбүр болатын. Адам баласы басына түскен қиыншылықтардың бәріне көнеді екен. Ауруға да, азапқа да, аштыққа да, жалаңаштыққа да, неше түрлі қорлық істерге де шыдағандарын, көнгендерін білеміз, көрдік. Соның бір жүйесі, соғыс жылдарында жасөспірім қыз балалардың көрген қорлықтары еді.

Әкелері соғыста қазаға ұшыраған, жалғыз аналарының қолында екі-үш баланы асырап, киіндіріп өсіру өте ауыр іс болды ғой. «Жығылғанның үстіне жұдырық»- дегендей,

оның үстіне, кей үйлерде, аналары мезгілсіз қайтыс болып кеткен балалар туыс-туысқандарын паналауға мәжбүр болды.

Міне осындай, жасы кәмелетке толмаған жап-жас қыз балалар тұрмысқа шығып кетуге мәжбүр болды. Тұрмысқа сүйіспеншілікпен кәмелеттік жасқа жетіп шығу болмады. Сонда оларға үйленетіндер жас жағынан әкелерімен шамалас үлкендер, керек десең – шалдар болды. Соғысқа бір себептермен алынбай елде қалғандар, соғыстан жараланып келгендер, сондай жас қыздарға үйленді. Қыз деген аты болмаса, олар сол кезде 14-15 жастағы уылжыған балалар еді. Жылаумен етектері көз жастарына толып, амалсыздың күнінен, кіммен, қайда бара жатқанын толық түсіне де қоймайтын кезі.

Талай қыз балалар сондай өмір тәлкегіне, көніп шетке кетіп жатты. Анасынан айрылған жетім қозыдай азынап, ботадай боздап кететіндері көз алдымызда. Міне бұл, тіршілікте күнсіз күн кешудің сол кездегі бір ауыр жүйесі, бұл да соғыстың зардабы еді. Сондай өмірді бастан кешкен қыздардың бітеу жарасы, жүрек сыздатып, өмір бойы ойынан кетпей, өлгенде өздерімен бірге кеткен қасіреті болғаны шындық.

Аяулы аналардың туған балаларына тілегі бұл емес еді. Балаларының бақытты, гүлденген, армандарына жеткен, болашағын көру еді ғой. Тағдыр оған жеткізбеді. Өздері де өмірден не рахат көрді. Өмір бойы, таңның атуынан күннің батуына дейін атқарғандары ауыр жұмыс тіршіліктің, күнкөрістің қамы еді. Жаксы киініп, бетін түзеп, айнаға қарау болмады. Күнге күйіп, суыққа тоңып беті- қолдары жарылып

жүргенде жағатын крем дегенді білмеді. Қолда бар каймақпен күс болған қолдарын жұмсартып жүре беретін. Кішігір, үстін түзеп сәнденуге киім де болмады, оған уақытта жеңпейтін. Несіне сәнденсін, бой түзеуге жақсы көңіл, себеп керек қой. Кино, концерт дегеннің не екенін білмеді, той, қуаныштары да селдір болған. Шіркін ару аналар, жеңгелер, көбі бұл өмірден ешқандай қуаныш, жұбаныш көрмей өтті-ау. Тек, соғыс жеңіспен біткен жылдардан біраз кейін ел жағдайы түзеле бастады ғой.



VII. ЕЛ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНГЕН ЕМШІЛЕР

Соғыс жылдарындағы ұжымшар ауыл-селолардың көбінде дәрігерлік (медициналық) көмек көрсететін кісі болмады. Емші, медбикелік бөлімше ірі қалаларда ғана болды. Емдік көмек атқаратын орын тек аудандық ауруханаларда шоғырланды. Аудандық ауруханаға аса қиын жағдайда болмаса, ауылдан, әсіресе қара шаруадан, ешкім бара қоймайтын. Біздің халықта ауруға деген ерекше төзімділік бар, аса қысып кеткен жағдайда болмаса шыдап жүре береді ғой. Бұл әдетті әрине құптамаймыз. Ал соғыс жылдарында көрінетін емші болмаған соң, халық тіпті шыдайтын.

Ауыр жұмыстың бейнетін кешіп жүрген қария адамдар, әйелдер, балалар ауырмаушы ма еді, ауырады. Астың жетіспеуінен, қасірет-қайғыдан, жылы киімнің жоқтығынан келетін аурулар көп қой. Күш түскеннен қол мен аяқтың буындары ауырады, сынып кетеді, оқыс тиген темірден, ағаштан жараланады, жұмыста нендей зақымның бәрі болады.

Осындай жағдайларда ауыл арасындағы қолы шипалы емшілерге барады. Ерекше қасиеттері бар сынықшылар болды, сенім, діни оқуларымен емдейтін молдалар болды. Ақ жүректі, адал ниетті, емшілік дарыны бар адамдар, қолынан келгенін аямай, көмектерін атқаратын, емдомдарын істейтін. Оған ешқандай ақы-пұл алмайтын. Олардан ем алған кісінің өзі «ақтық», «садақа» болсын деп, қолда барын беретін. Бір аяқ бидай, бір кесе май, не қаймақ болса да, әйтеуір құр қол қалдырмайтын. Халықтың арасынан шыққан емшілер, мынандай дәрі алып іш- деп айта

алмайтын. Білетіндері өздері қолдан жасаған дәрілерін беретін, не сол дәрілермен сылап-сипап емдейтін.

Дәріні ауданнан, қаладан әкелгендер біріне-бірі, мынау мынандай ауруға ем екен, деп беріп жүретін. Болмаса дәрінін не екенін білмеді, оны алатын орын да ауылда қайдан болсын.

Қазіргі ересек ойымызға түсіріп қарасақ, безгек, желікпе деген аурулар суық тигеннен болуы мүмкін. Сол аурулар шошшытып терлетуден, ыстық моншаға түсуден, ыстық сорпа, шәй ішіп оранып жатып терлеуден жазылатын.

Сондай емдердің қыр-сырын білетін, ауру адамға жанашырлықпен атқаратын емшілер ауылдан табылатын. Ерекше қасиеті бар, аруақты кісілер болды. Оларды ел – «бақсы» дейтін. Өзіміз корген, білген бақсылар марқұм – Нұқан қожя, корнекті үйі елдің ортасында тұрды. Нүрпейісұлы Қоснан бақсы, жақын ауыл – Жаңаталапта Қожахмет бақсы болды.

Осы кісілердің емшілік қасиеттерін талай аурулар пайдаланды, сол кісілердің үйлерінде емделді, ауруларынан жазылып бата-тілектерін айтып жүрді. Бұл бақсыларда емделген ауру адамдардың жазылып кеткенін көрдік, білеміз. Қоснан бақсының алдын болжайтын. «көріп кел» - қасиеті де болды.

Қожым Еңбек ауылында. Кәмәл деген бақсы әйел адам болды. Елге, төңірекке сыйлы емші кісі еді. Бұл шешейдің де «көріп келдік» қасиеті болған. Әсіресе ерекше дарындылығы - сынықты сипап жазатын. Қолы, аяғы, кабырғасы, не баска сүйектері сынған кісілер бұл шешейдің қолынан жазылып жүрді. Сынықты емдеушілік даңқы бүкіл төңірекке аян болған, халықтың алғысына бөленген кісі.

Тіс ауырған да бір жаман ауру. Өмірінде тіс ауруын басынан кешпеген адам кемде-кем-ақ шығар. Міне осы ауруды емдейтін өзіміздің ауылда Әлқатия атты әжеміз болды. Қозыбақ әулетінен Қази деген атамыздың шешесі еді, бұл кісі. Есте қалғаны, әжеміз, тісті шырақ жағып, ауырған кісінің ауызына шырақтың жылуын беріп отырып, өзінің ғана білетін зікір сөздерін айтып отырып, ем беретін. Содан жазылмайтын тіс ауруы болмайтын.

Ол кездегі ауырған үлкенге де, балаға да колданылатын ем, осындай неше түрлі халық емі еді. Содан аурулар тәуір болып жазылып жүрді. Неге екенін кім білсін, сол кезде қан қысымы ауруынан қол-аяқтары қозғалмай (паралич) қалатын, тағы басқа қан ауруының қазіргі түрлері, қанты көбею аурулары (сахарный диабет) болмайтын, ондайды көрмедік.

Жалпы халық емшілері әр ауылда болды ғой. Ат жетер жерде сондай емші бар деген естілсе, аурулар ол кісіні іздеп баратын, шамасы келгендер ондай емшілерді елге алдырып, үйінде емделетін. Неге екені белгісіз аудандық ауруханаға барып жатып емделу аз болатын.

Ұмытпасам, 1942 жылдың жазында көрші Ленин ауылына жер ауып, Ресейдің Саратов облысынан Бельгер Карл Федорович деген емші, білімді фельдшер, бүкіл жанұясымен көшіп келді. Келе емшілік жұмысына кірісіп кетті.

Карл Федорович ұлты неміс, ақсары өңді, зор денелі, кең жауырынды, көрнекті кісі еді. Жасы сол кезде қырықтың төңірегінде болған болар. Жұмысына өте ұқыпты, аса таза. Ауруларға жаны ашып, көмек көрсетуге асығып тұратын елгезек еді.

Сәті болып, бұл кісілер Ленин ауылының ортасында тұрған бес бөлмелі, қарағай бөренеден салынған, биік, көрпекті үйге орналасты. Сол үйде жанұясымен өздері де тұрды, екінші бөлігінде, кіретін есігі басқа, ауруларды қабылдайтын, екі бөлмелі, ем жасайтын жүйесі болды. Әйелі Анна – деген кісі өзіне көмек көрсетіп жүретін. Герольд атты ұлы, үш қызы болды.

Ленин ауылындағы ауылдық кеңеске «Көктерек», «Мектеп», «Қаратал» ауылдары қарайтын. Сонда дәрігер Бельгер Карл Федорович осы ауылдардың бәріне барып жүретін.

Бұл жақта еш уақытта болмаған, қазақ халқымен бірге тұрып көрмеген, тілін-дінін білмейтін кісіге таза қазақ ауылдарында қызмет жасап кету оңай бола қоймағанын түсінеміз. Дегенмен, қазақ халқының көпшілдігі, қонақжайлылығы, ақпейіл сыйластығымен, бұл кісіні жанұясымен бауырына тартты, жатсынбады, жақындатты. Оны дәрігер де түсіне білді, танысып, жақындасып кетті. Тілін білмесе де жүректен түсіністі.

Уақыт өткен сайын көп адамдармен жақын білісіп, достасып, «тамыр» болысып кетті. Қазақ тілін әп-әдемі үйренді. Озі жақсы сөйлеп кетпесе де, қазақтардың айтқандарын толығымен түсінетін, өз ойын шама-шарқынша жеткізе білетін.

Аталған ауылдар және көрші қазақ ауылдары Жанажол, Жанаталап, бәрі емшіге, дәрігерге жарып қалды. Карл Федорович кейде көлік болмай қалғанда, келмекші болып уәде еткен ауылдарға, қолына дәрігердің үлкен сөмкесін көтеріп, жаяу да жүре беретін. Ол кісі келгенде белгілі бір ауруға ғана барып шықпай, ауылдың үлкендерінің, балалар-

дың, әсіресе жұмыскер әйелдердің хал-жағдайларын, амандықтарын тегіс біліп, ауруларына көмектесіп, дәрі-дәрмектерін аямай беріп кететін. Мектептерге барып, балаларды шешіндіріп, денелерінің тері аурулары бары-жоғын көріп, жүректерінің жұмыс жасауын тыңдап, белгілі бір аурулардан алдын алатын уколдарын беріп, егетіндерін егіп жүрді. Карл Федоровичтің фамилиясы Бельгер – деген сөзді қазақтың кемпір-шалдары өздерінше жеңілдетіп Белгір, Білгір, Балгер деп те атай беретін еді. Сол кісі келіпті деп, Бельгер Карл Федорович ел шетіне келгенде, ауыл әлгідей болмай, бір-біріне хабарласып, тез білісіп қалатын. Ол кісінің тұрақты қызмет орны «Көктерек» ауылынан жеті шақырым Ленин ауылында ғой, сол ауылға барып, дәрігерге көрініп келу, ауыл адамдары үшін үлкен жұмыс болатын. Жүгіртіп барып келе қоятын көлік табу да қиыншылық болса, үйді, атқарып жүрген жұмысын тастап кетуі де ауыртпалық болатын. Міне сондықтан Карл Федоровичтің елге келуі бәріне де қуаныш болушы еді.

Жай жүргенде бет әлпеті бір қалыптан таймай салқындау реңді болып көрінетін Карл Федорович кісілермен сөйлескенде өте байсалды, жылы сөзді, ұқыпты, жұмсақ мінезді кісі екені бірден білінетін.

Менің ұғымымда, бұл кісі өзінің денсаулығына өте ұқыпты болды. Үй жұмысын өзі атқарып, үй жанындағы оғордындағы жұмыстарды өз қолымен орындап, отынын өзі дайындап, балтамен жарып, үйіп, үй маңайындағы қарды күрекпен өзі тазалап, үнемі өзіне-өзі жұмыс тауып, ерінбей соның бәрін атқарып жүретінін аңғаратын едік. Бірлі-жарымды мал да ұстады. Оған шөпті өзі шауып дайындай-

тып. Міне осындай еңбексүйгіш кісінің денсаулығы мықты болатыны белгілі.

Луырып калған кісілерге, үйге шақырса, бұл кісі, уақытымен санаспай, күн-түн демей барып, камқорлығын аймайтын адам болғанын аталған ауылдардың тұрғындарының қайсы болса да айтады.

Бұл кісінің адам сүйгіш адалдығын, жоғары дәрежелі адам қасиеттерін, ел тұрғындары әлі күнге еске алып айтып жүреді.

Талай ауруды тура ажалдың алдынан тірі алып қалып, талай адамды аурудың қасіретінен сақтаған кісі міне осы Бельгер Карл Федорович еді.

Бельгер Карл Федорович музыка өнеріне өте жақын кісі болды. Скрипка, сырнай, гитара сияқты аспаптарда ойнайтын. Өсіресе кешкілік мезгілінде, үйінің жанынан өткенде сол аспаптардың сазды, әдемі әуендері естілетін. Ленин орта мектебінде жақсы мәдени шаралар атқарылғанда бұл кісі сол шараға әдейі шақырылып скрипкада көбіне батыс елдерінің музыка шеберлерінің шығармаларын орындап, халықты көңілдендіріп жүретін. Карл Федорович жұбайы Анна Давыдовнамен өз балаларын өнегелі тәрбиелеп өсіруге аса көп көңілдерін бөлген адамдар. Қыз балаларының есейген кездегі тағдырларын біле қоймадық, ал ұлдары Герольд Карлович Бельгер Қазақстанға белгілі жазушы, аудармашы, тарихты зерттеуші, жиырмадан астам кітаптардың авторы, қоғам қайраткері. Ерекше алғырлығының арқасында қазақ, неміс, орыс тілдерін жетік меңгеріп, жазба туындыларының бәрін сол үш тілде жазады.

Герольд Карловичті жерлесіміз ретінде сыйлаймыз,

құрметтейміз, жетістіктеріне қуанып, мақтан тұтамыз, үй іштерінің амандығына тілектеспіз.

Міне осы тамаша жанұя, үлгілі шаңырақ, өркені өскен ұрпақ Бельгерлер әулетін ерекше сыйластық, сүйіспеншілікпен еске алып айтайын деген ойым: сол замандағы саясаттың шенгелінде ғұмыр кешкен, барлық ауыртпалықтарына көнген, төзген, жанұяның үлкені Карл Федоровичтің құлыптаулы жүрегінде біздің Қазақстан, қазақтар жайында қандай ойлар кетті екен. Десек те, қазақ халқы, әсіресе бірге тұрған, дәм-тұздары, тағдырлары талай жылдар бірге болған ауылдардың бұл жанұяға тілегі дұрыс, тек жақсылық екенін арнайы айтып, алғысымызды білдіреміз, ел халқы сіздерге риза.

Соғыс жылдарында аттары атаусыз, атқарған ерлік істері бағасын ала алмай дүниеден өткен ардагер ер-әйелдердей, осы аяулы азамат – Карл Федоровичтің аты аталып еңбектері өз бағасын ала алмағаны өкінішті. Нағыз ардагер, ең жоғары мемлекеттік марапаттарға лайық адам осы Карл Федорович Бельгер еді ғой. Амал қанша, «Іш қазандай қайнайды, қолдан келер дәрмен жоқтың» -кері.

Соғыс жылдары еңбек еткен сегіз жастағы балалар қазір жетпіс беске келді, олардың да еңбектерін бағалап жатқан ешкім жоқ. Олар да, өмірден өкінішпен өтері белгілі. Тек, ел аман, жұрт тыныш болсын! Өсіп жатқан ұрпақ соғыстың не екенін енді білмесін, қасіретін көрмесін.

VIII. АУЫЛ МЕКТЕБІНДЕГІ ОҚУ

Соғыс жылдарындағы, тіпті одан кейінгі кездегі ауыл мектептерінің оқу жүйесі, оқыту сапасы қазіргі уақытпен салыстырғанда бір шама өзгеше болды. Оның есесіне ол кездегі тәртіп мықты болды. Мектеп үйлерінің ішкі, сыртқы сымбаттары кем болған жоқ. Қарағай бөренелерден салынған, еңсесі биік, терезелері үлкен, ішкі жарық түсуінде ешқандай кемдік жоқ, іші-сырты сырлаулы, сылаулы, сәнділігіне көз тоятындай болатын. Төбелері қаңылтырмен жабылып сырланған, аулалары таза, кең, сәнді қоршауы бар. Ішінде оқушылар отыратын парталары жеткілікті, оқытушыларға жағдай жасалған, жеке бөлмесі болды. Қыс айларына жеткілікті отын жаз мезгілінде дайындалатын. Уақытында жағылып отырса, мектеп жылы болатын. Осындай жағдайлар Көктерек ауылындағы бастауыш мектепте де, Ленин ауылындағы орта мектепте де тегіс болды.

Көктерек ауылындағы бастауыш мектепте төрт сыныпта оқытатын. Әр сыныпта он, он бес шақты балалар болды. Оларды екі-үш мұғалімдер оқытатын.

1940-1942 жылдары оқу латын әріпімен оқытылды. 1942-1943 оқу жылынан бастап, қазіргі кириллица әріптерімен оқуға ауыстырылды. Сонда, алғашқы оқу жылдарындағы кітаптар латын әріптерімен жазылған болса, кейін қазіргі әріптерге ауыстырылған кітаптар аз болды. Олардың сапасы қандай екенін қазір айту қиын. Кітаптар жетіспейтін. Сондықтан, сабақ уақыты біткеннен кейін, мектепте калып, жабыла оқитын, бірінен-бірі ауысып пайдаланатын.

Бірінші сыныптан бастап оқытқан мұғаліміміз Зейни апай

болды. Бұл кісі өлкемізге белгілі Ләмәли Қонарбаев деген атамыздың тұңғыш баласы. Ләкең кезінде лауазымды қызметтер атқарған, КазЦИК-ке мүше болып сайланған атақты адам. Реті келгенде айта кетейік, жергілікті белгілі қаламгер, жазушы Ермек Қонарбаевтың әкесі.

Соғыс басталардың алдында қызмет істеп жүрген білімді мұғалімдер: Нөсербай Жұматаев, Шалбай Уәлиев тағы басқалары соғысқа алынды да, олардың орындарына жастар келді.

Орта мектеп он сыныпты болса, орталау мектеп деген атау жетінші сыныпты бітіргендерге берілді. Орталау мектепті бітіргендердің қолына сондай куәлік беріліп, қалған білімін техникумдарда жалғастыруға мүмкіндіктері болатын. Соғыс жылдары жеті-сегіз сыныпты тәмәмдаған ұлдар мен қыздардың біразы мектептерде мұғалім болып қызмет істей алды. Негізінде бастауыш мектептерде қызмет атқарды, ал өте жақсы оқығандары, орталау мектеп сыныптарында сабақ берді. Бұл, білімді мұғалімдердің тапшылығының салдары еді.

Біздің бірінші сыныпта оқыған мұғаліміміз Зейни апайымыз орталау мектепті бітіргеннен кейін жұмысқа шығып кеткен екен ғой.

Енді бүгінгі білім беру талаптарының биіктігінен сол күндерге ой жүгіртсек, педагогикадан мағлұматы жоқ, жетінші сыныпты бітірген жас мұғалімнен көп дүние үйренуге болмайды ғой. Сонда да, солардан төрт сынып бойы оқып шықтық. Оқуға ынта болды да, төрт сыныпты үнемі беске оқыдым. Бесінші сынып елдің мектебінде жоқ. Орта мектеп Ленин ауылында. Екі ауылдың арасы жеті шақырым, енді сонда барып жүріп оқу керек болды.

Күн сайын бұл екі арада жүре беру мүмкін емес, сондықтан Ленин ауылында тұрып оқу керек болды. Ленин орта мектебінің әр сыныбында біздің ауылдан біраз балалар оқыды. Он бес шақты балалар бір жатақхана тауып, күтушілер ұстап, сонда тұрып оқыды. Үлкен ағаш үй еді. Екі бөлмелі. Төргі үлкен бөлмесінде балалар, ұлдар-қыздар бірге тұрды, кіре беріс бөлмеде күтуші тұрды.

Күтуші «Көктерек» ауылының тумасы, Тұяқбай Шынтемірұлы, Қозыбақ әулетінен, әйелі Агрофеня (Груня) деген кісі, көрші «Қарашок» (Карачек) атты орыс ауылынан еді. Бұл кісілерде бір қыз бала ғана болған. Біздің елдің кісілері, Агрофеня дегенге тілдері келмей «Агроном» дейтін. Міне осы кісі жұмсақ мінезді, жұмыскер, өте таза еді. Түйекең ақсақал екеуі тату, түсініскен өмір кешті. Қанша жылдар күтімдерінде болып, екеуінің дауыс көтеріп ұрысысқан, жанжалдасқан мінездерін көрмедік. Түйекең ақсақал да жай, тыныш отыруды білмейтін жұмыскер, қолы шебер кісі еді. Аласа бойлы, шымыр денелі, күшті болды. Отын, шөбін, ұжымшар бекітіп берген өгізбен өзі дайындап, қыстың алдында, бәрін үйге жеткізіп, үйіп алатын. Аңға құмарлығы бар еді. Түлкі, қасқырға қосатын денесі ірі қызыл иті, қос ауызды мылтығы болды. Қыстың күндерінде аяғына қолдан жасалған шаңғысын байлап, Есіл өзенінің бойындағы тоғайларды сүзіп, мылтығын асынып, итін ертіп жүріп кететін. Қоян атып алып, кейде түлкі әкелетін. Астында аты болмаған соң алысқа шыға алмайтынына назаланып жүретін. Тоғайдан түзу, жуан, үйеңкі ағашын кесіп әкеліп, жаз айларында көлеңке жерде кептіріп, балтамен шауып орақ, қырғыш, қашауларды пайдаланып, жонып, тұтас

ағаштан домбыра жасайтын да өнері болды. Өзі бәрін жасап, оюлап, әдемілеп, шек тағып, шертпе әуендерді тартып отыратын еді. Менде домбыра тартуға үйір болып, жанына барып отырып, ұйып тындайтынымды байқаған Түйекең маған домбыра тартуды алғаш үйреткен кісі.

Енді қазір, домбыра тартудың қыр-сырын түсініп, әуендерге қосып отырғанда әрқашан Түйекең еске оралады, алғысымды арнап жүремін, аруағы риза болсын.

Ол кезде электр жарығы деген әсте болмайтын. Жатақханада, үйлерде, мектепте де керосинмен жанатын аспалы шамдар пайдаланылды. Жеті, он, жиырма нөмірлі шамдар болды. Үстіне кигізілетін жұқа шыны қалпақтары болады. Аталған нөмірлеріне байланысты жарықтары да әртүрлі. Үйлерде көбіне он нөмірлі шамдар пайдаланылатын. Бұл жарығы жақсы шам. Егер жиырма, тіпті отыздық шам болса, бұл электр жарығынан кем болмайтын. Мектептерде жиырмалық шамдар пайдаланылды. Ондық шамдар қолға түсе бермейді, не шыны қалпағы сынып қалса, оны табу да қиын. Мұндай жағдайда, шам білтемен ғана жарық беретін. Ондай жарық жақын айналасына ғана жетеді. Оқуды осындай жарықтың төңірегінде отырып оқитын едік. Дөңгеленіп отыруға орын жетпегендері, кезекпен, жарыққа жақындап оқитын.

Жалпы ол кезде жарық мәселесі барлық елді мекендерде қиын болды. Жеке меншік үйлер «сықсима шам»- деп аталған, білте шаммен күн көрді. Керосині жоқ үйлер, май шаммен де жарық қылып отыратын. Мал қоралары күн батқаннан таң атып сәуле түскенше қараңғылықта болды. Малдың төлін алу кезінде қолға ұстап жүретін киро-

синмен жанатын фонарь шам пайдаланылатын ауыр жағдайлар болды.

Білте шамның төңірегінде отырып сабақ оқыған балалардың беттері шамның түтінінен қара-қожалақ болып шығатын. Таң атқанда бірінің бетін бірі көріп күліп жүретін. Оқуда талай қиындықтар болды ғой. Оқулық кітаптар жетіспей, бір кітапты кезекпен пайдаланатын едік. Сол себептен кейде сабаққа дайындықсыз баратын жағдай да болатын. Жазатын тетрадь болмайтын кездерде, қолға түскен тазалау кітап болса, соның жазылған жолдарының аралығына жазып, бірлі-жарымды таза тетрадь, көркем жазуларға іркіп сақталып қойылатын. Жазатын қаламсапқа кигізетін қаламүші болатын еді. Уақыт-уақыт міне сол қаламүші де бітіп калып (сынып, жоғалып) балалар бір-бірінен сұрап алып жүрді. Тіпті болмай қалатын уақытында, қаздың қанатының толық қауырсынын жонып ұштап, сонымен жазатын жағдайлар болатын. Жазу жазатын сия да қат болды. Жергілікті дүкендерде осылардың ешқайсысы болмайды. Қызылжарға барып келген кісілер әдейі іздеп, тауып әкелетін. Кейде ауданның орталығы Марьевка қаласының дүкендерінен табылып қалатын. Сол кездегі дүние тапшылығы міне осындай ұсақ нәрселерден де сезілетін. Тақталарға жазатын бор болмай, ақ балшықтың қатты сынығын пайдаланатын кездер де болды.

Бұлар оқу жүйесінде кездескен қиындықтар болса, оқуға келіп жүрген әр баланың басындағы тұрмыс-тіршілік қиындықтары одан да күрделі еді. Оқуға ел қатарлы барып, балалардың арасында сорлы болып жүрмес үшін қысқы-жазғы киімдер керек. Жырым-жырым болмай, адам сияқты

киіндіруге кей балалардың үй тұрмысының жағдайы келмейтін. Киімі болмаса бала оқуға бара алмай, жылдап қалып қоятын.

Ленин орта мектебіне бүкіл сол маңайдағы алыс-жақын қазақ ауылдарының балалары келіп оқитын. Мектепте мұғалімдердің көбі білімді, білгір, сабақ оқыту сапасы жақсы болды. Осы маңайдағы мектептердің ішінде Ленин орта мектебінің жақсы деген аты осы өлкеге белгілі болды.

Тұрмыс-тіршіліктің қиындығына, оқу барысында кездескен ауыртпашылықтарға төзіп балалардың көбі оқудан қалмады, шыдады. Ең қиыны, киім мен тамақ еді.

Жеті шақырым ауылдан бір жұмалық оқуға Ленин ауылына келіп, жатақханада болғанда, үйден әкелетін тамақ үлкен үш таба нан, аздаған май, шамалы картоп болатын. Сонда жас бала болсаң да, өзінді-өзін тамаққа тежеп, шыдап, күнделікке белгілеп қойған наннан артық жемей, әкелген үш нан алты күнге жеткізіп желінетін. Артық жесең ертен жейтінің азайып қалады. Басқа тамақ келетін жері жоқ, соның бәрі бала болсаң да ойыңнан шықпайтын. Сол нанның өзін үйден дайындап әкелу қиынның қиыны болатын.

Сенбі, жексенбі күндері үйге келгенде шешемізбен еріп, өткен жылғы бидай егіліп, жиылған дәлізге барып, мойынға асып алған қапқа масақ теретін едік. Масақ дегеніміз – түсіп қалған бидайдың басы, шабылған бидайдың тік қалып қалған басы, жерге түсіп шашылған бидай, табылған мекенді де желге тосып ұшырғанда одан түсетін бірен-саран бидай болатын. Міне осының бәрін жинап үйге әкелген соң, қолмен үгітіп, тазалап, қауызынан арылтып, балшығынан тазартып,

кол диірменге ұн болып үгілетін. Содан шешелеріміз нан пісіріп беретін.

Ұжымшардан еңбекақыға алатын бидай шамалы болады да, үй ішінің жылдық тамағына жетпейді. Сондықтан қатаң іркіліп ұсталынатын. Олай болмаса аш қаласың. Міне осындай күнкөріс барлық ауылдардың балаларының басынан өтті.

Қыстың суықтарында колдарында жылы биалайлары жоқ, жылы сырт киімдері болмайтын балалар болды. Аяғына әскерлердің үлкен бәтеңкесін киіп, балтырын әскерлердің балтыр орағыштарымен (обмотка), орап қыстан шығатындарын көрдік.

Суықта осындай киімдермен жүрген балаларда қандай денсаулық болсын, балалар жиі ауырып, оқудан қалып қоятындары көп болды. Соның салдары болар, ол кезде балада да, үлкенде де жінішке ауру (туберкулез) көп болды және ол кезде қазіргідей ем дәрілері жоқ, бұл ауру жазылмайтын аурулардың бірі болған кезі.

Балалар ауыл-ауылдан мектепке жаяу келетін. Жеті шақырым екі араға біз де көбіне жаяу жүретін едік. Үй жағдайында мүмкіндігі бар балалар, атпен не түйемен жүретін. Көбіне соларға ілесіп келетін едік. Жаз күндері жаяу жүрудің ешқандай ауыртпалығы жоқ, қыстың суығында, борандарда қорқыныш болатын.

Осындай қиындықтарда оқу қыз балаларға өте ауыр болды. Оның үстіне ол кездегі ата-аналардың түсінігінде, қыз балаға оқу не керек, ертең есейгенде тұрмысқа шығып кетеді деген ұғым басым болатын. Сол ұғымды ұстанған ата-аналардың қыз балаларының оныншы сыныпқа

жеткендері бірен-сараң ғана болды. Реті келсе болды, тұрмысқа шығарып жіберетін.

Мысал үшін айтсақ, шаруасы жап-жақсы, қызмет істеп, жалақысын алып отыратын Әлекеңнің жанұясында бір ұл, бір қыз, небары екі бала болды. Міне, білімі бар, дүние танымы жап-жақсы деген осы кісі де қызы Сәруарды сегізінші сыныпты бітірген соң, соғыстан жараланып оралған бір кісіге күйеуге берді де жіберді. Сонда Сәруар он алты жаста ғана, ілгері қарай оқи беруге толық мүмкіндігі бар еді.

Тұрмыс-тіршілігі төмен отбасындағы қыз балалар 14-15 жасында да ұзатылып жүрді. Өзімізбен бірге оқыған қыздардан оныншы сыныпқа дейін жетіп, мектепті тамамдап шыққан бір-ақ қыз болды. Жап-жас қыздар өздерінен он бес, жиырма жас үлкен кісілерге ұзатыла берілді. Ондай адамдардың арасында сүйіспеншілік болды, сүйіспеншілікпен қосылды деп айта алмаймыз. Тек, күнкөрістің әсері, соғыстың ауыр зардабын тартудың бір парасы болды десек, артық айтқандық емес. «Боздап жүріп бота да өседі, жылап жүріп бала да өседі»- дегендей, сол қыздар барған үйлерінде өсіп, өркендеп, іргелі үй болып, бала үйлендіріп, қыз ұзатқан үлкен бәйбішелер болғанын білеміз.

Енді бүгін өзіміз де оныншы сыныпты оқып бітіріп, аттестат алып, ілгергі оқу орындарында оқып, қызмет атқарып, жоғары оқу орындарын тамамдап, үйленіп, үй болып, балалы-шағалы, немерелі ата-әже болдық. Соған Аллаға шүкіршілік келтіреміз.

Өткен өмірді еске алу да, адамның ойын сергітетін, бастан кешкен ауыртпалықтары мен өмірдің жақсылықтарын

көз алдына елестететін іс. Өткен, бастан кешкен қиындықтарға өкінгеннен ештеме келмейді, қуаныштарға шаттанып, Аллаға ризашылық білдіру көңілінді марқайтады. Аталарымыз айтқандай: «Көретін қиыншылықтар да, қуаныштар да жаратқанның жазуынан болатын істер» деп, түсінгеніміз дұрыс шығар. Десекте, өткен соғыстың көрсеткен қасіреті әлі күнге көз алдымызда, өкініштері естен кетпейді. Соғыста қазаға ұшыраған әкелер, ағалар тірі болып, елде қасымызда жүрсе мұндай қайғы-қасіретті көрмес едік қой,- деп ата-аналар, жесір әйел, жетім өскен балалардың ойламағаны болмағанын білеміз.

Бүгінгі тілек, Аллаһ Тағала ұрпаққа енді жамандық көрсетпесін, біздің басымыздан өткен қиындық енді болмасын! – дейміз.



IX. СЕНИМ

Отан соғысы жылдарындағы елдің тұрмыс-тіршілігі жайында айтылған мәселелерге діннің тигізер әсері, дінге сенімнің пайдасы болғанын айтсақ артық емес. Дінге жаппай, ашық сенушілік болмаса да, бір Алланың хақтығына сенім әр адамның жүрегінде, әсіресе үлкен кісілерде анық болды.

Дін адамзаттың тағдырына, санасына терең сіңген, күдіретті күш. Қай заманда, қай ұлтта болмасын дінге сенбейтіндерінен сенетіндерінің саны басым болады.

Қазақ халқының, сонау әлмисақ заманнан бері, сеніп келе жатқан діні – Ислам. Десек те, кез келген қазақтың бәрі Ислам дінінде деп айта алмаймыз. Ислам дінін толық мойындап, Исламның бес парызын қаза қылмай орындаушылар тіпті аз. Бірақ, ауылдық жерде тұратын халық, өткен ата-аналарымыздан, ата-әжелерімізден көргендері бар, дін туралы естігендері бар, дінге жақын. Аллаһ Тағаланы еске алып сиынып жүреді, тілектерін арнап жүреді. «Бисмилләһир рахмаанир раһим» - деп тамақ ішсе, «Аллаһу Акбар» деп бет сипауды ұмытпайтынын көреміз. Бір ұлы күштің бар екеніне, Аллаһтың бары анық екеніне, қазақ баласының басым көпшілігі сенеді. Әсіресе ел азаматтарын соғысқа аттандырып, бір Аллаһқа сеніп, тапсырып, соғыста жүргендердің амандығын Аллаһтан тілеп, сенері де, сүйенері де Аллаһ болып жүрді ғой. Халық күнделікті ел тіршілігінде де бар жақсылықты Аллаһтан тілейтін.

«Көктерек» ауылында діни сауаты бар адамдар көп болды. Көпшілігі, жергілікті жерде, сырттан әдейі шақыры-

лып әкелінген молдалардан оқып сауаттарын ашып, кейін басқа жерлерде оқып, не өз беттерімен көп оқып, діни білімдерін арттырған. Кеңес үкіметі орнамай тұрғанда салынған ауыл мешітінің ішінде медресе ашылып, көпшілік ел азаматтары сонда оқыған.

Құранды жатқа оқитын адамды дін тілінде «Қари» - дейді. «Көктерек» ауылында екі «Қари» болды. Жетпісұлы Шайқы-Мансұр қари, Қасенұлы Рақымжан қари. Бұл кісінің екі көзі есейе келе көрмей қалған, сонымен «соқыр қари» атанып кеткен кісі. Ойы зерек, біз түсіне бермейтін, көзсіз көру қасиеті бар еді. Қари марқұмның қолы, оқуы, үшкіруі шипалы болды. Ауылда бірталай білімді молдалар болды. Аймаққа Сары молда атымен танымал - Кенжеболат молда, Шәймерденұлы Шаяхмет молда, Сағындықұлы Хамза молда, Құсайынұлы Ғаббас молда тағы солар тұстас бірнеше атақты молдалар болды.

Бертін кезге дейін ғұмыр кешкен аталардың ішінде шежіреден аты белгілі он екі қажы болған. Бұл, сол кездегі ауыл адамдарының діндарлығының белгісі.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін дін жолын ұстауға қысым жасалу басталды. «Дін апиын»- дегенді желеу етіп жариялы күрес жүрді. Дін жолын ұстанушыларды, молдаларды қудалап, қорқытып-үркітіп, кейбіреулерін ұстап, тұтқындап, көздерін жоюға дейін барды. Атақты Сыздық қажының баласы Молдағали, діни сауаты мол, кеңес үкіметінің саясатын да жетік білетін, білімді кісі болған. Міне, осы асыл азаматты діншіл деп тұтқындап, үйін тінтіп, бүкіл діни кітаптарын, басқа да кітап, журналдарын екі қапқа толтырып, өзімен бірге алып кеткен. Үлкен болашағы бар, сауатты

азамат осылай мүлде жойылып кетті. Кейінде атылып кеткені естілді.

Осындай қысымдардан кейін, дін жолы жариялы ұсталынбай, жасырын, қорғаланып, қорқып-үркіп жүріп атқарылатын болды. Намазды есік-терезелерді жауып, жасырын оқуға көшкен. Ораза ұстаса, ешкімге білдірмей, жарияламай, тілін тістеп жүріп ұстаған. Ауыз ашар тамағын тығып, ешкімге жарияламай жасырын ішіп, орталық жұмысынан қалмай жүре берген. Жұмыста жүргенде оқыған намаздарын жасырын оқып, жайған қолдарын білдірмей беттерін сипаған.

Сонда, орталық жұмысын істегісі келмегендіктен ораза ұстайды, жұмысты тастап, намаз оқып, орталық ісіне кедергі келтіреді, үкімет саясатына қарсылық көрсетеді – деген сөздерден бас сауғалауға мәжбүр болған ғой.

Кенес үкіметінің шолақ белсенділерінің ойлап табуымен, сол кезде «Құдайсыздар одағы» - деген ұйым құрылып, оған мүшелікке халықты зорлап кіргізді, қорыққаннан кірді. Мүшелікке кіргендерге куәлік берді, кеуделеріне темірден жасалған белгілер тақты. Есімізден еш кетпейді, Қызылжар қаласының орталық көшелерінің бірі «Безбожная» - Құдайсыздар көшесі деп аталды. Міне қандай сорақылық болды. Бертін келе, өз қателіктерін өздері түзетті ғой, көше «Қызыл ту» болып атанды. Кенес үкіметі заманында, жергілікті ауылдарда, аудандарда, облыс орталығында шенге қолы жеткен өз ұлтымыздан шыққан шолақ белсенділердің жаңа үкіметке жағымпаздық жасаған жылпостары аз болмады. Қуғын-сүргін, діннен бездіру мәселелерін сөз қылғанда, бар кінәні Мәскеуге жабамыз ғой, анығында бар

бәле жергілікті жердің шенеуніктерінен басталатын, солардан шығатын. Жаппай ауыл аттарын кеңес үкіметінің саясатына, бағытына сәйкес етіп өзгерту алдымен қазақ ауылдарынан басталды. Оған дейін сап-сау, әдемі аттары бар ауылдарды, «Жаңа жол», «Жаңа талап», «Кеңес», «Социал», «Чапай», «Қызыл жұлдыз», «Жаңа таң», «Қызыл ту» тағы сол сияқты аттарға ауыстыру қазақ белсенділерінің істері. Орыс халқы ондай ақымақтыққа бармады. Олардың ауылдарының аттары ешқайсысы өзгермей, қала берді. Ескі діни аттары сақталып, осы күнге дейін өзгертілмей қалғанын көріп отырмыз.

«Петро-Павел» - деген христиан дінін уағыздаған діндәрлардың аты берілген қаламыз – Петропавл болып шегеленіп, ауыстыруға әлі күнге дейін тіс батпай келе жатқаны көз алдымызда. «Святодуховка», «Богодуховка», «Екатериновка», «Петровка» сияқты аттарды ешкім қозғаған жоқ, сол қалпында сақталды. Соған ешкім ештеме деп жатқан жоқ. Қазақ барлық мешіттерін қиратып, жойып жібергенде христиандардың талай шіркеулері сақталып қалды, соның ішінде діни құлшылықтарын атқара берді. Шіркін-ай, деп қынжыласың да қоясың. Тым көнбіс халықпыз, жуастығымыз мол.

Соғыс жылдары ораза ұстаған кісілерді, әсіресе молдаларды, сағын сындыру үшін, діннен аластату үшін, ең ауыр жұмыстарға жіберетіндерін көрдік. Ауызын ашырып жібереміз деп, құдайдан безген жауыздар, молдалардың ауызына су, сүт құйғандарын білеміз. Ауыл белсенділерінің көрсетуімен Ғаббас молда, ешқандай кінәсіз, он жылға абақтыға жабылғанын білеміз. Аллаһ қуат беріп, сегіз

жылдай отырып, елге аман оралып, өмірінің соңғы жылдары туған жерінің топырағында өтті. Ибалы, жуас, жұмсақ мінезді адам еді марқұм.

Бір нәрсеге шын пейілмен сену, әсіресе бір Құдайдың бар екеніне сену, Құранның сөздеріне, тұжырымды қағидаларына сену, жалпы Ислам дініне негізделген ұлттық дәстүрлерді атқару ауылдық жерлерде қалайда сақталды.

Қорқынышты жағдай бастан өтсе құдайы құрмалдық атқарып, дұға оқыту, өлген ата-ана, туыстарын еске алып, бата өткізу, өлікке жаназа шығару, жерлеу, артынан дұғаларын атқару рәсімдері қорқып-үркіп жүріп болса да атқарылатын. Соғыста жүрген жолдастарына әйелдері, балаларына ата-аналары дұға арнап, Аллаһтан тілек тілеулерін естен шығармады. Жақсы түс көрсе қуанып, жаман түс көрсе садақаларын беріп, Аллаһтан тілектерін тілейтін. Жасырын атқарса да намаздарын оқып, оразаларын ұстайтын.

Мұсылман дініндегі адамдардың үлкен екі мерекесі: үлкен айт, кіші айт, пайғамбарымыздың туған күні күндерін де бұғып жүріп, жарияламай, жасырын атқаратын. Сол сенімдердің бәрін орындап жүріп, Аллаһтан тілейтіндері соғыста жүрген азаматтардың амандығы, елге аман оралып келуі. Күні-түні Аллаһтан тілейтіндері сол болатын. Көрген жақсы түстері, біреудің жылы сөзі, молдалардың жақсы батасы, жарым көңіл жесір әйелдерге, жетім балаларға медеу болатын. Жетімшіліктен көңілдері жұқарып, жабырқап жүрген сорлыларға, біреудің жақсы сәлемдесіп, қал-жағдайларын тәптештеп сұрағаны жұбаныш айтқан көңілдері де үлкен медеу болатын. Әсіресе діни білімі бар, молда

адамдардың берген бата-дұғасы бойларына қуат беретін, алдағы арманына сол кісінің бата-дұғасымен жететіндей болып сезінетін. Аллаға сену, Аллаһтың береріне сену, молдалардың бата-дұғасына сену, соғыстың басқа түсірген ауыртпалықтарын жеңілдетуге септігін тигізгені анық. Сол сенім күш-қуат беретін, іште беріш болып байланған жамандықты жібітіп, көңілге үлкен медеу болатын. Сенімнің пайдасы, күш-қуаты осында еді. Мұндай сенім, тек Ислам дініндегі халықта ғана емес, барлық халықта бар. Сол сенім, отан соғысы майданында жеңіске жетудің де бір себебі болды деп түсінеміз.



Мазмұны

1. Алғы сөз.....	3
2. Ұжымшар ауыл – «Көктерек».....	9
3. Соғыс басталған, сұрапыл кезең.....	19
4. Соғыс құрбандары.....	26
5. Ауылдағы арпалыс.....	35
6. Қол өнерінің күдіреті.....	59
7. Арулар кешкен өмір азабы.....	70
8. Ел құрметіне бөленген емшілер.....	78
9. Ауыл мектебіндегі оқу.....	85
10. Сенім.....	94

2009 жылы баспаға тапсырылған.
Офсеттік басылым. Көлемі 6,3 баспа табак.
60x84/16. Әріп түрі TimesNewRoman.
Таралымы 600. Тапсырыс № 2230
“Полиграфия” АҚ басылды.
Петропавл қаласы,
Қазақстан Конституциясы көшесі, 11

